Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года N370-II "Об электронном документе и электронной цифровой подписи" равнозначен документу на бумажном носителе.

6.7 Пайларды сатып алуға өтінімдер мынадай:

а) егер өтінім көлемі пайшыға тиесілі пайлардың жалпы санының 20%-нан аспаса:

- иелену мерзімі 12 ай және одан көп болса – 0% жеңілдікті.
- иелену мерзімі 12 айдан аз болса – 1% жеңілдікті.

б) егер өтінім көлемі пайшыға тиесілі пайлардың жалпы санының 20%-нан 50%-на дейін болса:

- иелік ету мерзіміне қарамастан 2% жеңілдікті.

в) егер өтінім көлемі пайшыға тиесілі пайлардың жалпы санының 50%-ын және одан астамын құраса:

- иелік ету мерзіміне қарамастан 3% жеңілдікті шегере отырып, пайларды сатып алу күнінің алдындағы жұмыс күнінің соңында қалыптасқан пайдың есептік құны негізге алына отырып айқындалған баға бойынша орындалады.

6.8 Қордың пайларын сатып алуға өтінім беру және орындау тәртібі:

а) қордың пайларын сатып алуға ұсынуды қордың пайларын ұстаушылар басқарушы компанияға осы Қағидаларға №3-қосымша нысаны бойынша пайларды сатып алуға өтінімдер беру жолымен жүзеге асырады;

б) Тиісті түрде толтырылған және қол қойылған өтінімді инвестор басқарушы компанияның кеңсесіне немесе өтінімдерді қабылдау агентінің кеңсесіне (қолма-қол немесе пошта/курьерлік қызмет) береді;

в) өтініш берушіге ақша аудару туралы тапсырманы беру (төлем құжатын беру) пайларды сатып алу жүзеге асырылған күні жүзеге асырылады, бұл ретте осы мерзімге осы аударымға қызмет көрсететін банктердің аударым операциясын жүзеге асыру уақыты қосылмайды. Пайларды сатып алу бойынша мәмілені тіркегені үшін Орталық депозитарийдің барлық комиссиясын қор төлейді. Банктік аударым үшін комиссиялар пай ұстаушының есебінен төленеді;

г) басқарушы компания пайларды сатып алуға өтінімді орындаған кезде басқарушы компанияның пайларды ұстаушыға ақша беру бойынша міндеттемесі қордың инвестициялық шотынан соманы сатып алуға өтінімде көрсетілген ұстаушының банк деректемелеріне есептен шығарған жағдайда орындалды деп есептеледі. Сатып алуға өтінімде банк деректемелері дұрыс көрсетілмеген жағдайда, қайта аудару банктердің қайта аударым үшін комиссиясының сомасы ұсталатын, банк деректемелерін нақтылайтын ұстаушының тиісті жазбаша өтінішін алғаннан кейін жүзеге асырылады.

6.9 Пайларды сатып алуға өтінімдерді қабылдаудан бас тартуға тек мынадай:

а) Қордың қағидаларында белгіленген өтінімдерді беру тәртібі мен шарттарын сақтамау;

б) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына және осы Қағидаларға сәйкес қордың пайларын сатып алуды тоқтата тұру жағдайларда ғана жол беріледі.

7. Конфиденциалдылық. Ақпаратты жария ету

7.1. Осы Шарттың қолданылу шеңберінде бір Тарап екіншісіне беретін, оны жария ету екінші Тарапқа залал келтіруге әкеп соғуы мүмкін кез келген ақпарат конфиденциалды болып табылады және осы ақпарат тиесілі Тараптың жазбаша рұқсатын алғаннан кейін және осы Шартты орындау мақсатында ғана жария етуді қоспағанда, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес үшінші тұлғаларға жария етуге жатпайды.

7.2. Басқарушы компания Конфиденциалды ақпаратқа осы Шартты орындау үшін қажетті адамдарға, соның ішінде пай ұстаушы мәліметтерді алдын ала ұсынған пай ұстаушының уәкілетті өкілдеріне, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жағдайларда және тәртіппен осындай ақпаратты алуға уәкілетті өзге де адамдарға ғана қол жеткізуге міндеттенеді.

7.3. Бұл ретте Тараптардың мынадай:

а) басқа Тараптың алдын ала келісімі негізінде еркін таратылуы және пайдаланылуы мүмкін;

б) осы Шарттың ережелеріне нұқсан келтірмей, жалпыға ортақ иелік болып табылатын немесе

солай болуға арналған ақпаратты ішінара немесе толық жария етуге немесе пайдалануға құқығы бар.

Көрсетілген міндеттемелер Тараптар үшін осы Шарт тоқтатылғаннан кейін 3 (үш) жыл ішінде қолданылады.

8. Форс-Мажор

8.1. Егер Тараптардың ешқайсысының Шарт бойынша өз міндеттемелерін толық немесе ішінара орындамауы Тарап болжай алмаған немесе болдырмайтын еңсерілмейтін күш (форс-мажор) мән-жайларының, соның ішінде дүлей зілзалалардың, өрттердің, ереуілдердің, әскери іс-қимылдардың, экстремалды ауа-райы жағдайларының (бірақ олармен шектелмей), Қазақстан Республикасы қолданыстағы заңнамасының өзгеруі салдары болып табылса, осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін толық немесе ішінара орындамағаны үшін жауапты болмайды.

8.2. Егер еңсерілмейтін күш мән-жайларының кез келгені Тараптың осы Шартта белгіленген мерзімде өз міндеттемесін орындауына тікелей әсер еткен болса, онда бұл мерзім еңсерілмейтін күштің тиісті мән-жайының қолданылу уақытына тең шегеріледі.

8.3. Міндеттемені орындай алмаған тарап еңсерілмейтін күш мән-жайлары басталған немесе тоқтатылған сәттен бастап екі жұмыс күнінен кешіктірмей басқа Тарапты жоғарыда көрсетілген мән-жайлардың басталғаны немесе тоқтатылғаны туралы хабардар етуге міндетті. Тараптың хабарламауы немесе уақтылы хабарламауы жоғарыда аталған кез келген мән-жайлардың салдарынан болған жағдайлардан басқа, оны осылай хабарламауы немесе уақтылы хабарламауы міндеттемені орындамағаны үшін жауапкершіліктен босататын негіз ретінде сілтеме жасау құқығынан айырады.

8.4. Пай ұстаушы қаржы құралдарының нарықтық бағалары мен осы бағалардың өзгеруі басқарушы компанияның бақылауынан тыс екенін толық түсінеді және келіседі. Пай ұстаушы басқарушы компанияның шешімі бойынша сатып алынған қаржы құралдары мен өзге де активтерге нарықтық бағалардың өзгеруіне байланысты болған активтер құнының азаюы еңсерілмейтін күш мән-жайы болып табылатындығымен келіседі және Басқарушы компания бағалардың мұндай өзгеруіне жауап бермейді.

8.5. Егер Шарт бойынша міндеттемелерді форс-мажор мән-жайларының бір айдан астам уақыт ішінде болуына байланысты толық немесе ішінара орындау мүмкін болмаған жағдайда, Тараптардың әрқайсысы еңсерілмейтін күш мән-жайларының әсерінен келтірілген залалдарды өтеу жөніндегі міндеттемелерсіз Шартты бұзуға құқылы.

9. Шартты бұзу.

9.1 Басқарушы компания осы Шартты Қор қағидаларында белгіленген талаптарда және тәртіппен бұзуға құқылы.

9.2 Басқарушы компания Қордың жаңа басқарушы компанияны тағайындауға қатысты қағидаларына өзгерістер күшіне енгенге дейін Қордың активтерін басқаруды жүзеге асыруды жалғастырады. Қордың жаңа басқарушы компанияны тағайындау бойынша Қағидаларына енгізілген өзгерістердің күшіне ену мерзімі көрсетілген шешім қабылданған күннен бастап 3 айдан аспауға тиіс.

9.3 Басқарушы компанияның осы Шарт бұзылған кезде қор активтерін басқарудың күнтізбелік күндерінің нақты саны үшін сыйақы алуға және қор активтері есебінен осындай басқаруға байланысты жүргізілген барлық шығысты өтеуге құқығы бар.

10. Басқарушы компанияның қордың активтерін басқа басқарушы компанияға басқаруға беруі

10.1 Басқарушы компанияның Қор активтерін басқа басқарушы компанияға басқаруға беру талаптары:

- а) қордың пайларын ұстаушылардың жалпы жиналысының шешім қабылдауы;
- б) бағалы қағаздар нарығында кәсіби қызметтің тиісті түрін жүзеге асыруға басқарушы компанияның лицензиясының қолданылуын тоқтата тұру;
- в) бағалы қағаздар нарығында кәсіби қызметтің тиісті түрін жүзеге асыруға басқарушы

Бұл құжат ҚР 2003 жылдың 7 қаңтарындағы "Электронды құжат және электронды сандық қол қою" туралы заңның 7 бабы, 1 тармағына сәйкес қағаз бетіндегі заңмен тең.

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года N370-II "Об электронном документе и электронной цифровой подписи" равнозначен документу на бумажном носителе.

компанияның лицензиясынан айыру.

10.2 Басқарушы компанияның Қор активтерін басқа басқарушы компанияға басқаруға беру тәртібі Қордың Қағидаларында айқындалады.

Шарттың осы тармағының 1-тармағында көзделген негіздер бойынша Қор активтерін басқа басқарушы компанияға беру кастодиандағы Қор шотынан үзінді көшірме және кастодианға сақтауға тапсырылған Қордың жекелеген активтерге құқықтарын растайтын бастапқы құжаттардың түпнұсқаларының тізбесі, сондай-ақ Қор активтерін қабылдау-беру актісіне қол қою сәтінде Қордың басқарушы компаниядағы өзге де құжаттары қоса беріліп, Тараптардың қабылдау-беру актісіне қол қоюымен ресімделеді.

10.3 Басқарушы компанияның Қордың жұмыс істеуін тоқтату жөніндегі міндеттері:

а) Басқарушы компания және (немесе) кастодиан қордың жұмыс істеуі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген негіздер бойынша тоқтатылған кезде, қор активтерін сату жөніндегі іс-шараларды жүзеге асыруға, қордың кредиторларымен есеп айырысуды жүзеге асыруға, қордың жұмыс істеуін тоқтатуға байланысты шығыстарды төлеуге және қалған ақшаны Қазақстан Республикасының заңнамасының талаптарына сәйкес пай ұстаушылар арасында бөлуге міндетті.

б) Лицензияның қолданысы тоқтатыла тұрған не айырылған жағдайда басқарушы компания уәкілетті органның тиісті хабарламасын алған күннен бастап екі жұмыс күні ішінде бұл туралы:

- басқарушы компанияның корпоративтік интернет-ресурсында тиісті хабарландыруды орналастыру арқылы пай ұстаушыларға;
- орталық депозитарийге және кастодианға тиісті хабарламалар жолдау арқылы хабарлайды.

11. Тараптардың жауапкершілігі

11.1 Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамағаны не тиісінше орындамағаны үшін жауапты болады.

11.2 Басқарушы компания осы Шарт қолданылатын кез келген сәтте туындаған қаржы құралдарының және пай ұстаушының өзге де активтерінің нарықтық бағасының өзгеруіне байланысты залалдар үшін, сондай-ақ мемлекеттік билік және басқару органдарының міндеттемелерді орындау талаптарын елеулі нашарлататын немесе осы Шарт бойынша Тараптардың өз міндеттемелерін орындауын мүмкін етпейтін не уақтылы етпейтін іс-қимылдары (оның ішінде бағалы қағаздарды қайта құрылымдау, олар бойынша төлемдерді тоқтата тұру және өтеуді кейінге қалдыру бойынша шешімдер) үшін жауапты болмайды.

11.3 Басқарушы компания сауда-саттықты ұйымдастырушылардың, бағалы қағаздар тізілімін ұстаушылардың, депозитарийдің, банктердің және басқарушы компания Пай ұстаушыларға көрсететін қызметтерге тікелей немесе жанама байланысты кез келген басқа ұйымдардың заңсыз әрекеттері, өз міндеттерін уақтылы немесе тиісінше орындамағаны үшін жауап бермейді. Бұл ретте басқарушы компания жұмсалған шығыстарды Қор активтерінің шотына жатқыза отырып Пай ұстаушылардың бұзылған құқығын қорғау үшін барлық ақылға қонымды күш жігерін жұмсауға міндеттенеді.

11.4 Қордың пайларын ұстаушылар Қор активтерін сенімгерлік басқаруға байланысты туындаған міндеттемелер бойынша жауап бермейді және шығындар тәуекелін, оның ішінде Қор активтерінің нарықтық құнының өзгеруіне байланысты өздеріне тиесілі пайлардың құны шегінде ғана көтереді.

12. Қорытынды ережелер.

12.1. Қор қағидаларының ажырамас бөлігі болып табылатын осы Шарт қосылу шартын білдіреді, оның талаптарын пай ұстаушы тек көрсетілген Шартқа тұтастай қосылу жолымен ғана қабылдай алады. Қор активтерін сенімгерлік басқару Шартына қосылу Қордың пайларын сатып алу жолымен жүзеге асырылады. Пай ұстаушының Қордың пайларын сатып алуға берген өтінімі пай ұстаушының сенімгерлік басқару шартына қосылу және Қордың пайларын сатып алуға ниеті туралы ерік білдіруін білдіретін құжат болып табылады.

Бұл құжат ҚР 2003 жылдың 7 қаңтарындағы "Электронды құжат және электронды сандық қол қою" туралы заңның 7 бабы, 1 тармағына сәйкес қағаз бетіндегі заңмен тең.

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года N370-II "Об электронном документе и электронной цифровой подписи" равнозначен документу на бумажном носителе.

12.2. Осы Шарт пай ұстаушы Қордың пайларын сатып алуға өтінім берген және Қордың сатып алынатын пайларына ақы төлеуге ақша енгізген сәттен бастап күшіне енеді және Қордың жұмыс істеу мерзімі ішінде немесе ол осы Шартта айқындалған тәртіппен бұзылғанға дейін қолданылады.

12.3. Осы Шартта реттелмеген барлық мәселе бойынша Тараптар Қордың Қағидаларын және Қазақстан Республикасының заңнамасын басшылыққа алады.

12.4. Осы Шарт бойынша және/немесе оған байланысты туындайтын Тараптар арасындағы барлық дауды Тараптар келіссөздер жолымен шешеді.

12.5. Егер Тараптар өзара келісімге қол жеткізбесе, осы Шарт бойынша және оған байланысты туындайтын даулар мен келіспеушіліктер Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен шешілуге тиіс.

Басқарушы Компания

«Standard инвестициялық компаниясы» АҚ

Орналасқан жері: 050010 / A25D9D1, Қазақстан Республикасы

Алматы қ., Достық даңғылы 38, 2-қабат, «Кең Дала» БО, 201С кеңсе;

Басқарма Төрағасы

«Standard инвестициялық компаниясы АҚ» Ә.Б. Сүлейменова

«G.A.S.BONDS» тәуекелмен инвестицияланатын жабық инвестициялық пай қоры

№3 қосымша

Пайларды сатып алу туралы өтінім №_____ Жеке/заңды тұлғалар үшін

Қордың толық атауы

«G.A.S.BONDS» тәуекелмен инвестицияланатын жабық инвестициялық пай қоры

БК-ның толық атауы «Standard инвестициялық компаниясы» АҚ

Өтінімді қабылдау күні

Өтінім берушінің жеке шотының нөмірі Қор пайларын ұстаушылардың тізімі

Өтінім беруші

Тегі

Аты

Әкесінің аты

ЖСН

Атауы

Жеке басты куәландыратын құжатСериясы, нөмірі

Берілген күні

Берілген орган

Уәкілетті өкіл

Тегі

Жеке тұлға

Аты

Әкесінің аты

Өкілдің жеке басын куәландыратын құжат Атауы

Сериясы, нөмірі

Берілген күні

Берілген орган

Уәкілеттілігін растайтын құжат

Уәкілетті өкіл

Заңды тұлға

Бұл құжат ҚР 2003 жылдың 7 қаңтарындағы "Электронды құжат және электронды сандық қол қою" туралы заңның 7 бабы, 1 тармағына сәйкес қағаз бетіндегі заңмен тең.

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года N370-II "Об электронном документе и электронной цифровой подписи" равнозначен документу на бумажном носителе.

Мемлекеттік тіркеу туралы куәлік Нөмірі

Берілген күні

Берілген орган

Тегі

Тұлғасында

Аты

Әкесінің аты

Жеке басты куәландыратын құжат Атауы

Сериясы, нөмірі

Берілген күні

Берілген орган

Уәкілеттілігін растайтын құжат

Сізден Қордың _____ (сөзбен) дана көлеміндегі пайларын өтеуді сұраймын

Өтінім берушінің ақша аударуға арналған банктік деректемелері:

Алушының Банкі:

Қала:

БСК:

ЖСК:

Атауы: Аты-жөні: , ЖСН , «G.A.S.BONDS» ТИЖИПҚ -тың пайларын жеке шотқа сатудан

Уәкілетті өкілінің / өтінім берушінің қолы

Аты-жөні, өтінімді қабылдаған адамың қолы

9. Қазақстан Республикасының заң актілерінде көзделген талаптармен бірге инвестициялық пай қорын сенімгерлік басқару шартында:

1) Шартты бұзу және (немесе) қордың жұмысын тоқтату талаптары мен тәртібі

9. Шартты бұзу.

9.1 Басқарушы компания осы Шартты Қор қағидаларында белгіленген талаптарда және тәртіппен бұзуға құқылы.

9.2 Басқарушы компания Қордың жаңа басқарушы компанияны тағайындауға қатысты қағидаларына өзгерістер күшіне енгенге дейін Қордың активтерін басқаруды жүзеге асыруды жалғастырады. Қордың жаңа басқарушы компанияны тағайындау бойынша Қағидаларына енгізілген өзгерістердің күшіне ену мерзімі көрсетілген шешім қабылданған күннен бастап 3 айдан аспауға тиіс.

9.3 Басқарушы компанияның осы Шарт бұзылған кезде қор активтерін басқарудың күнтізбелік күндерінің нақты саны үшін сыйақы алуға және қор активтері есебінен осындай басқаруға байланысты жүргізілген барлық шығысты өтеуге құқығы бар.

2) Қордың активтерін басқа басқарушы компанияға басқаруға беру, басқарушы компанияның қор жұмыс істеуін тоқтатқаннан кейінгі, соның ішінде оның инвестициялық портфельді басқаруға лицензиясының қолданылуын тоқтата тұрған немесе одан айырған жағдайларда міндеттерін орындау шарттары мен тәртібі;

10. Басқарушы компанияның қордың активтерін басқа басқарушы компанияға басқаруға беруі

10.1 Басқарушы компанияның Қор активтерін басқа басқарушы компанияға басқаруға беру талаптары:

а) қордың пайларын ұстаушылардың жалпы жиналысының шешім қабылдауы;

б) бағалы қағаздар нарығында кәсіби қызметтің тиісті түрін жүзеге асыруға басқарушы

Бұл құжат ҚР 2003 жылдың 7 қаңтарындағы "Электронды құжат және электронды сандық қол қою" туралы заңның 7 бабы, 1 тармағына сәйкес қағаз бетіндегі заңмен тең.

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года N370-II "Об электронном документе и электронной цифровой подписи" равнозначен документу на бумажном носителе.

компанияның лицензиясының қолданылуын тоқтата тұру;

в) бағалы қағаздар нарығында кәсіби қызметтің тиісті түрін жүзеге асыруға басқарушы компанияның лицензиясынан айыру.

10.2 Басқарушы компанияның Қор активтерін басқа басқарушы компанияға басқаруға беру тәртібі Қордың Қағидаларында айқындалады.

Шарттың осы тармағының 1-тармағында көзделген негіздер бойынша Қор активтерін басқа басқарушы компанияға беру кастодиандағы Қор шотынан үзінді көшірме және кастодианға сақтауға тапсырылған Қордың жекелеген активтерге құқықтарын растайтын бастапқы құжаттардың түпнұсқаларының тізбесі, сондай-ақ Қор активтерін қабылдау-беру актісіне қол қою сәтінде Қордың басқарушы компаниядағы өзге де құжаттары қоса беріліп, Тараптардың қабылдау-беру актісіне қол қоюымен ресімделеді.

10.3 Басқарушы компанияның Қордың жұмыс істеуін тоқтату жөніндегі міндеттері:

а) Басқарушы компания және (немесе) кастодиан қордың жұмыс істеуі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген негіздер бойынша тоқтатылған кезде, қор активтерін сату жөніндегі іс-шараларды жүзеге асыруға, қордың кредиторларымен есеп айырысуды жүзеге асыруға, қордың жұмыс істеуін тоқтатуға байланысты шығыстарды төлеуге және қалған ақшаны Қазақстан Республикасының заңнамасының талаптарына сәйкес пай ұстаушылар арасында бөлуге міндетті.

б) Лицензияның қолданысы тоқтатыла тұрған не айырылған жағдайда басқарушы компания уәкілетті органның тиісті хабарламасын алған күннен бастап екі жұмыс күні ішінде бұл туралы:

- басқарушы компанияның корпоративтік интернет-ресурсында тиісті хабарландыруды орналастыру арқылы пай ұстаушыларға;
- орталық депозитарийге және кастодианға тиісті хабарламалар жолдау арқылы хабарлайды.

3) Тараптардың жауапкершілігі болуға тиіс

11. Тараптардың жауапкершілігі

11.1 Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамағаны не тиісінше орындамағаны үшін жауапты болады.

11.2 Басқарушы компания осы Шарт қолданылатын кез келген сәтте туындаған қаржы құралдарының және пай ұстаушының өзге де активтерінің нарықтық бағасының өзгеруіне байланысты залалдар үшін, сондай-ақ мемлекеттік билік және басқару органдарының міндеттемелерді орындау талаптарын елеулі нашарлататын немесе осы Шарт бойынша Тараптардың өз міндеттемелерін орындауын мүмкін етпейтін не уақтылы етпейтін іс-қимылдары (оның ішінде бағалы қағаздарды қайта құрылымдау, олар бойынша төлемдерді тоқтата тұру және өтеуді кейінге қалдыру бойынша шешімдер) үшін жауапты болмайды.

11.3 Басқарушы компания сауда-саттықты ұйымдастырушылардың, бағалы қағаздар тізілімін ұстаушылардың, депозитарийдің, банктердің және басқарушы компания Пай ұстаушыларға көрсететін қызметтерге тікелей немесе жанама байланысты кез келген басқа ұйымдардың заңсыз әрекеттері, өз міндеттерін уақтылы немесе тиісінше орындамағаны үшін жауап бермейді. Бұл ретте басқарушы компания жұмсалған шығыстарды Қор активтерінің шотына жатқыза отырып Пай ұстаушылардың бұзылған құқығын қорғау үшін барлық ақылға қонымды күш жігерін жұмсауға міндеттенеді.

11.4 Қордың пайларын ұстаушылар Қор активтерін сенімгерлік басқаруға байланысты туындаған міндеттемелер бойынша жауап бермейді және шығындар тәуекелін, оның ішінде Қор активтерінің нарықтық құнының өзгеруіне байланысты өздеріне тиесілі пайлардың құны шегінде ғана көтереді.

Бұл құжат ҚР 2003 жылдың 7 қаңтарындағы "Электронды құжат және электронды сандық қол қою" туралы заңның 7 бабы, 1 тармағына сәйкес қағаз бетіндегі заңмен тең.

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года N370-II "Об электронном документе и электронной цифровой подписи" равнозначен документу на бумажном носителе.

10. Инвестициялық пай қорының пайларына инвестициялау кезіндегі инвесторлар тәуекелдерінің сипаттамасы

1. Пай ұстаушылар өздеріне тиесілі пайлардың құны шегінде Қор активтерінің нарықтық құнының өзгеруіне байланысты шығындар тәуекелін көтереді.
2. Басқарушы компания Қордың пайларын ұстаушыларға Қор пайларының құнын ұлғайтуға немесе сақтауға кепілдік бермейді. Қор пайларының құны ұлғаюы немесе азаюы мүмкін, қаржы құралдарының нарықтық бағасы көтерілуі де, төмендеуі де мүмкін және нарықтық бағалардың өзгеруі басқарушы компанияның бақылауынан тыс болуы мүмкін.
3. Мемлекет Қордың пайларына инвестициялардың кірістілігіне кепілдік бермейді.
4. Қор пайларының құны ұлғаюы немесе азаюы мүмкін, инвестициялау нәтижелері болашақта кірісті анықтамайды.
5. Қордың пайларын сатып алмас бұрын әлеуетті инвесторлар Қор қағидаларымен (оның ішінде Қор қағидаларының ажырамас бөлігі болып табылатын қордың инвестициялық декларациясымен) танысып шығуы қажет.

11. Инвестициялық пай қорын басқарушы компанияның құқықтары мен міндеттері

1. Басқарушы компания Қазақстан Республикасының заңнамасында және осы Қағидаларда белгіленген талаптарға сәйкес іс-әрекеттер жасау арқылы Қордың пайларын ұстаушылардың мүддесі үшін Қорды инвестициялық басқаруды жүзеге асырады. Басқарушы компанияның Қазақстан Республикасының заңнамасында және осы Қағидаларда көзделген құқықтары бар.
2. Басқарушы компания:
 - а) Қор активтерін инвестициялық басқару жөніндегі қызметке байланысты пай қорының пайларын ұстаушылардың өкілі ретінде әрекет етуге;
 - б) Қор активтерінің құрамына кіретін қаржы құралдарымен куәландырылған барлық құқықты сенімхатсыз жүзеге асыруға, оның ішінде дауыс беретін акциялары осы қор активтерінің құрамына кіретін акционерлік қоғам акционерлерінің жалпы жиналысында қордың пайларын ұстаушылардың өкілі ретінде әрекет етуге;
 - в) Қор активтерін инвестициялық басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыруға байланысты сотта талап қою және талап қою жөнінде жауапкер болуға;
 - г) Қазақстан Республикасының заңнамасына және Қор қағидаларына сәйкес қордың активтеріне қатысты кез келген мәмілелер мен өзге де әрекеттерді жасауға;
 - д) өз құқықтары мен міндеттерін басқа басқарушы компанияға Қордың қағидалары мен Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен беруге;
 - е) Қор қағидаларына, оның ішінде инвестициялық декларацияға Қазақстан Республикасының заңнамасында және Қордың Қағидаларында көзделген талаптарда және тәртіппен өзгерістер мен толықтырулар енгізуге бастамашылық жасауға;
 - ж) сенімгерлік басқару шарты бойынша міндеттемелерді орындағаны үшін қор активтерінен комиссиялық сыйақыны ұстап қалуға және шығыстарды өтеуге;
 - з) жабық инвестициялық пай қорының пайларын ұстаушылардың жалпы жиналысына қатысуға;
 - и) өтімділік оқиғасы туындаған жағдайда Қордың орналастырылған пайларын сатып алуға;
 - к) бағалы қағаздары қор активтерінің 10%-дан астамын құрайтын эмитентке бұғаттаушы санкциялар салу арқылы көрсетілген санкциялық тәуекел іске асырылған жағдайда, басқарушы компания Қордың пайларын дисконтпен сатып ала алады. Дисконттың ең жоғары мөлшері Қазақстан Республикасының ағымдағы заңнамасында айқындалады.
 - л) басқарушы компанияның Қазақстан Республикасының заңнамасына және Қор қағидаларына сәйкес өзге де құқықтары бар.
3. Басқарушы компания:

Бұл құжат ҚР 2003 жылдың 7 қаңтарындағы "Электронды құжат және электронды сандық қол қою" туралы заңның 7 бабы, 1 тармағына сәйкес қағаз бетіндегі заңмен тең.

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года N370-II "Об электронном документе и электронной цифровой подписи" равнозначен документу на бумажном носителе.

- а) Қазақстан Республикасының заңнамасына, Қор қағидаларына, пай ұстаушылардың мүддесі үшін сенімгерлік басқару шартына және Инвестициялық комитеттің шешімдеріне сәйкес Қор активтерін сенімгерлік басқаруды жүзеге асыруға;
 - б) Қор активтерінің құнын бағалауды, қозғалысын, құрамы мен құнын есепке алуды, сондай-ақ оларды кейіннен орналастыру немесе сатып алу кезінде пайлардың құнын есептеуді жүзеге асыруға;
 - в) басқарушы компанияның басқаруындағы меншікті активтерден және өзге инвестициялық қорлардың активтерінен бөлек қор активтерінің бухгалтерлік есебін жүргізуді және Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген талаптарға сәйкес олар бойынша қаржылық және өзге де есептілікті ұсынуды жүзеге асыруға;
 - г) қор активтерінің құнын, қозғалысын және құрамын кастодианмен мерзімді (айына кемінде бір рет) салыстырып тексеруді жүзеге асыру;
 - д) Қазақстан Республикасының заңнамасына және Қор қағидаларына сәйкес пай ұстаушыларды қордың таза активтерінің құрамы мен құны, сондай-ақ қор пайының есептік құны туралы ай сайын хабардар етуге;
 - е) Қазақстан Республикасы заңнамасының және Қор қағидаларының талаптарына сәйкес қор туралы ақпаратты жария етуге;
 - ж) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында және Қордың Қағидаларында көзделген өзге де міндеттерді сақтауға.
- з) қордың пайларын бастапқы орналастыру аяқталғаннан кейін қарушы компания үш жұмыс күні ішінде кастодианмен бірлесіп Қордың таза активтерінің құнын есептеуге және уәкілетті органға пайларды бастапқы орналастырудың нәтижелері туралы есепті табыс етуге міндетті.
- и) Компания Қордың активтерімен мәмілелер жасаған кезде оның мүддесінде іс-қимыл жасайтын Қордың атауын көрсетуге міндетті. Көрсетілген талап бұзылған жағдайда Басқарушы компания қабылданған міндеттемелерді өз есебінен орындайды.

12. Қазақстан Республикасының ұлттық валютасында немесе пайдың номиналды құнында көрсетілген өзге валютада көрсетілетін бастапқы орналастыру кезеңінде инвестициялық пай қоры пайының номиналды құны

пайдың ды құны - 1000 (бір мың) ресей рублі

13. Инвестициялық пай қорының пайларын сатып алуға өтінімдер беру мен оларды орындаудың шарттары мен тәртібі

Қор пайларын бастапқы орналастыру Басқарушы компанияның уәкілетті органы пайларды мемлекеттік тіркегеннен кейін оларды бастапқы орналастыру туралы шешім қабылдаған күннен басталады. Бірінші орналастыру мерзімі үш айдан аспайды. Басқарушы компания Қор пайларын бастапқы орналастырудың басталу және аяқталу күндерін Қоғамның www.std1.kz ресми сайтында жариялайды.

1. Қордың пайларын орналастыру инвестордың Қордың пайларын сатып алуға өтінімі негізінде жүзеге асырылады. Сатып алуға өтінім бастапқы сатып алу кезінде беріледі. Кейінгі сатып алу кезінде өтінім беру талап етілмейді, ал орналастыру инвестордың ақшасын инвестициялық шотқа есептеу күнінен кейінгі келесі жұмыс күні жүзеге асырылады.

2. Қордың сатып алынатын пайларын басқарушы компания «Бағалы қағаздардың орталық депозитарийі» АҚ-да инвестордың атына ашылған инвестордың жеке шотына немесе қосалқы шотына есептейді.

3. Қордың пайларын бірінші рет сатып алу алдында инвестор басқарушы компанияға Қазақстан Республикасының заңнамасында, Қордың осы қағидаларында және басқарушы компанияның ішкі құжаттарында көзделген мәліметтер мен құжаттарды ұсынады.

Бұл құжат ҚР 2003 жылдың 7 қаңтарындағы "Электронды құжат және электронды сандық қол қою" туралы заңның 7 бабы, 1 тармағына сәйкес қағаз бетіндегі заңмен тең.

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года N370-II "Об электронном документе и электронной цифровой подписи" равнозначен документу на бумажном носителе.

4. Қордың пайларын сатып алу шарттары:

- а) Қордың пайлары басқарушы компаниядан не ұйымдастырылған және ұйымдастырылмаған бағалы қағаздар нарығында қайталама айналыста болған кезде сатып алынады;
- б) Қордың пайлары пайдың номиналды құнының валютасында ақшамен төленеді;
- в) пайларға ақы төлеуге ақша Қордың кастодиандағы инвестициялық шотына аударылады;
- г) пайларды бастапқы орналастыру кезеңінде Қордың пайлары осы Қағидаларда көрсетілген бірыңғай номиналды құн бойынша орналастырылады. Пайларды кейіннен орналастыру кезінде бір пайдың құны Қордың таза активтерінің құнына негізделі отырып айқындалады;
- д) Қордың пайлары бастапқы орналастырылғаннан кейін оларды орналастыру бағасы (бір пайдың есептік құны) қордың ақша түскен алдыңғы жұмыс күнінің соңында қалыптасқан таза активтерінің құнын (өтінім болған кезде) оның айналыстағы пайларының санына бөлу жолымен айқындалады. Өтінім ақша бастапқы түскеннен кейін келіп түскен кезде пайды орналастыру бағасы өтінім келіп түскен алдыңғы жұмыс күнінің соңында қалыптасқан баға бойынша айқындалады;
- е) пайларды орналастыру кезінде пайдың бағасына 3%-ға дейінгі мөлшерде үстемақы қолданылады;
- ж) Қордың пайларына төленетін ақыға ақшаның ең аз мөлшері бірінші және кейінгі сатып алуда 1 000 000 (бір миллион) рубльді құрайды;
- з) инвестордың қосалқы шотына Қордың пайларын есепке алудың талаптары бастапқы есепке алу кезінде өтінімнің болуы және шотқа ақша келіп түсуі, ал қайталама есепке алу кезінде – шотқа ақша келіп түсуі болып табылады;
- и) Қордың пайлары құжатсыз нысанда шығарылады. Орталық депозитарий берген қор пайларын ұстаушылар тізілімінен үзінді көшірме Қор пайларын ұстаушының өзі сатып алған пайларға меншік құқығын растайды;
- к) Қордың пайларын сатып алуға өтінімдер қайтарып алынбайтын сипатқа ие;
- л) Қордың бір ұстаушыға тиесілі пайларының бағасы мен саны бөлшек сандармен, сәйкесінше үтірден кейін бес таңбамен көрсетілуі мүмкін;
- м) басқарушы компанияның Қордың пайларын сатып алуға өтінімдерді қабылдауы Қазақстан Республикасында әрбір жұмыс күні жүзеге асырылады;
- н) Қордың пайларын сатып алуға өтінім Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес ресімделген сенімхат негізінде сенім білдірілген адам арқылы берілуі мүмкін.

5. Қордың пайларын сатып алу тәртібі:

- а) Қордың пайларын басқарушы компаниядан сатып алу осы Қағидаларға №2-қосымша нысаны бойынша өтінім беру арқылы жүзеге асырылады;
- б) Қордың пайларын Қордың пайларын ұстаушылар тізіліміндегі дербес шотқа аудару кастодиан Қордың шотына ақша келіп түскенін растағаннан кейін жүзеге асырылады;
- в) Қордың пайларын сатып алу бойынша мәмілелерді тіркеуді Орталық депозитарий басқарушы компанияның бұйрығы негізінде жүзеге асырады. Қордың пайларын ұстаушылардың құқықтарын тіркеу басқарушы компанияның бұйрығы келіп түскен күні тізілімде жүзеге асырылады;
- г) Қордың пайларын орналастыруға бұйрықтың орындалғаны туралы есептерді беруді Орталық депозитарий тізілімге жазба енгізілген сәттен бастап үш жұмыс күні ішінде жүзеге асырады;
- д) егер Қордың пайларын сатып алуға өтінім берілгеннен кейін күнтізбелік 90 (тоқсан) күн ішінде пайларға ақы төлеуге ақша келіп түспесе, басқарушы компания берілген өтінімнің күшін жояды;
- е) қайталама нарықта жасалатын Қордың пайларымен жасалатын мәмілелерді тіркеу Қазақстан Республикасының заңнамасына және Орталық депозитарийдің/тіркеушінің қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады;
- ж) инвестор Қордың пайларын сатып алуға өтінімді басқарушы компанияның техникалық

Бұл құжат ҚР 2003 жылдың 7 қаңтарындағы "Электронды құжат және электронды сандық қол қою" туралы заңның 7 бабы, 1 тармағына сәйкес қағаз бетіндегі заңмен тең.

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года N370-II "Об электронном документе и электронной цифровой подписи" равнозначен документу на бумажном носителе.

мүмкіндігі болған кезде электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ақпараттық жүйелерді пайдалана отырып бере алады;

з) пайларды қосымша сатып алған жағдайда өтінім беру міндетті емес;

и) инвестор - жеке тұлға Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ақпараттық жүйелерді пайдалана отырып, қордың пайларын сатып алуға өтінімді электрондық құжат нысанында берген кезде жеке тұлғаның электрондық өтініміне осы жеке тұлғаның жеке басын куәландыратын құжаттың электрондық көшірмесі бекітіледі.

6. Қордың пайларын сатып алуға өтінімдерді қабылдаудан бас тартуға тек мынадай:

а) Қордың қағидаларында белгіленген өтінімдер беру тәртібі мен талаптары сақталмаған;

б) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Қордың пайларының иесі бола алмайтын адам пай сатып алған;

в) уәкілетті органның немесе басқарушы компанияның шешімі бойынша қор пайларын орналастыруды тоқтатыла тұрған;

г) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де талаптар орындалмаған жағдайларда ғана жол беріледі.

7. Қордың пайларын ұстаушылардың тізілімдері жүйесінде қордың пайларын ұстаушылардың дербес шоттарын ашу тәртібі:

а) қордың пайларын ұстаушылар тізілімдері жүйесінде инвестордың (пай ұстаушының) дербес шотын ашуды Орталық депозитарий дербес шотты ашуға бұйрық және Қазақстан Республикасының заңнамасында және Орталық депозитарийдің ішкі құжаттарында көзделген басқа да құжаттар негізінде жүзеге асырады;

б) қордың пайларын ұстаушылар тізілімдері жүйесінде инвестордың (пай ұстаушының) дербес шотын ашуға бұйрықты және Қазақстан Республикасының заңнамасында және Орталық депозитарийдің ішкі құжаттарында көзделген басқа да құжаттарды инвестор Орталық депозитарийге тікелей (жеке өзі не пошта байланысы немесе курьер арқылы), сондай-ақ Қордың Басқарушы компаниясы инвестордың атынан ұсынуы мүмкін;

в) Қордың басқарушы компаниясы инвесторлардан (клиенттерден) қордың пайларын сатып алуға өтінімдер алу негізінде Орталық депозитарийге инвесторлардың (клиенттердің) атынан қордың пайларын ұстаушылар тізілімдері жүйесінде инвестордың (пай ұстаушының) дербес шотын ашуға бұйрық беру және орталық депозитарийге Қазақстан Республикасының заңнамасында және Орталық депозитарийдің ішкі құжаттарында көзделген құжаттарды беру жолымен қордың пайларын ұстаушылар тізілімдері жүйесінде инвесторларға (пай ұстаушыларға) дербес шот ашуға құқылы;

г) басқарушы компанияға қордың пайларын сатып алуға өтінім берген адамға дербес шот ашқан жағдайда, орталық депозитарийге Қазақстан Республикасының заңнамасында және Орталық депозитарийдің ішкі құжаттарында көзделген құжаттарды беруді басқарушы компания қордың пайларын сатып алуға өтінімнің көшірмесін қоса бере отырып жүзеге асырады;

д) инвестор Қордың пайларына ақы төлеуге ақшаны Қордың кастодианында ашылған Қор шотына аударады. Төлемді сәйкестендіру мақсатында инвестор Қордың пайларына ақы төлеуге ақшаны аударуға төлем тапсырмасының төлем тағайындау бағанында пайларды бастапқы сатып алу өтінімінің нөмірі мен күнін (пайларды сатып алуға өтінім берілгеннен кейін пайларға ақы төлеуге ақша алғаш аударылған кезде) көрсетеді.

е) пайларды инвестордың шотына аудару пайларды сатып алу туралы жазбаларды қордың пайларын ұстаушылар тізіліміне енгізу арқылы жүзеге асырылады. Басқарушы компания осы Қағидаларға сәйкес өтінімді орындау туралы шешім қабылдаған аталған өтінімнің болуы және кастодианда ашылған Қордың шотына ақша түсуі бастапқы орналастыру кезінде инвестордың

шотына пайларды есепке алудың талабы болып табылады. Қайталама орналастыру кезінде Қордың шотына ақша түсімі. Пайларды есепке алу осы талап орындалған күннен кейінгі бірінші жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде жүзеге асырылады. Пайларды есепке алуға бұйрық қағаз тасымалдағышта берілген жағдайда, басқарушы компанияның пайлармен жасалатын мәмілені тіркеу туралы бұйрығына оның өкілі қол қояды, мөрмен куәландырылады, сондай-ақ кастодианның өкілі қол қояды. Пайларды Қордың дербес шотына есептеуді Орталық депозитарий (номиналды ұстаушы) инвестордың дербес шотына Қор пайларының ұқсас санын бір мезгілде есептей отырып жүзеге асырады;

ж) Қордың пайларын есепке алуды Орталық депозитарий Қордың пайларын ұстаушылар тізілімі жүйесіндегі дербес шоттарда жүзеге асырады.

8. Қордың пайларын орналастыруды тоқтата тұру талаптары мен тәртібі:

а) Қордың пайларын орналастыру Қазақстан Республикасы заңнамасының немесе шарттық міндеттемелердің талаптарын Қордың жұмыс істеуін қамтамасыз ететін адамдар немесе қаржы құралдары немесе өзге де мүлкі қор активтерінің құрамына кіретін адамдар бұзған немесе орындай алмаған жағдайларда уәкілетті органның нұсқамасы бойынша тоқтатыла тұруы мүмкін;

б) осы тармақтың (а) тармақшасында көзделген жағдайда, басқарушы компания уәкілетті органның хабарламасын алған сәтте қордың пайларын орналастыруды тоқтата тұруға міндетті;

в) басқарушы компанияның шешімі бойынша қордың пайларын орналастыру да тоқтатыла тұруы мүмкін, бұл ретте орналастыруды тоқтата тұру мерзімін басқарушы компания белгілейді;

г) басқарушы компания Қор қағидаларында көрсетілген басқарушы компанияның корпоративтік интернет-ресурсында пайларды орналастыруды тоқтата тұру туралы ақпаратты тоқтата тұру күніне дейін күнтізбелік 30 (отыз) күннен кешіктірілмейтін мерзімде орналастырады.

14. Инвестициялық пай қорының пайларын ұстаушылардың құқықтары мен міндеттері

1. Пай ұстаушылар:

а) Қазақстан Республикасының заңнамасына және осы Қағидаларға сәйкес басқарушы компанияның қызметіне бақылауды жүзеге асыруға;

б) Қазақстан Республикасының заңнамасында және Қордың Қағидаларында көзделген тәртіппен және мерзімдерде Қордың таза активтерінің құрамы мен құны, бір пайдың есептік құны туралы мәліметтерді алуға;

в) Қордың пайларын ұстаушылардың жалпы жиналысына қатысуға және Қордың пайларын ұстаушылардың жалпы жиналысын шақыруды талап етуге;

г) осы Қағидаларда көзделген талаптарда және тәртіппен өздеріне тиесілі пайлар бойынша дивидендтерді мерзімді алуға;

д) Қордың қызметі тоқтатылған кезде Қор активтерін өткізуден алынған ақшаны алуға;

е) Қазақстан Республикасының заңнамасында және Қордың Қағидаларында көзделген талаптарда және тәртіппен Қордың пайларын сатып алуға, иеліктен шығаруға;

ж) Қор қызметінің мәселелері және оларға тиесілі пайлар бойынша басқарушы компанияға, кастодианға және орталық депозитарийге жүгінуге;

з) басқарушы компания қордың пайларын сатып алу туралы шешім қабылдаған жағдайда, оларға тиесілі пайларды басқарушы компанияның сатып алуына ұсынуға;

и) Қазақстан Республикасының заңнамасына және Қор Қағидаларына сәйкес өзге де құқықтарға құқылы.

2. Басқарушы компанияның қызметін бақылау деп Қор пайларын ұстаушылардың басқарушы компанияның инвестициялық қызметін инвестициялық декларация талаптарына және

Бұл құжат ҚР 2003 жылдың 7 қаңтарындағы "Электронды құжат және электронды сандық қол қою" туралы заңның 7 бабы, 1 тармағына сәйкес қағаз бетіндегі заңмен тең.

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года N370-II "Об электронном документе и электронной цифровой подписи" равнозначен документу на бумажном носителе.

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкестігін бақылауды жүзеге асыруы түсініледі.

3. Қордың пай ұстаушылары:

- а) Қағидаларға №2-қосымшадағы нысан бойынша Қордың пайларын сатып алуға өтінімді толтыруға;
- б) Қордың кастодиандағы инвестициялық шотына Қордың қағидаларында белгіленген тәртіппен және мерзімдерде пайларға ақы төлеу үшін ақша аударуға;
- в) басқарушы компанияны өзінің деректемелеріндегі барлық өзгеріс туралы хабардар етуге;
- г) сенімхатты кері қайтарып алу кезінде (бар болса) сол күні басқарушы компанияға сенімхатты кері қайтарып алу туралы хабарлауға;
- д) Қазақстан Республикасының заңнамасында және Қордың Қағидаларында көзделген өзге де міндеттерді сақтауға міндетті.

№2-қосымша

«G.A.S.BONDS» тәуекелмен инвестицияланатын жабық инвестициялық пай қоры
Жеке тұлғалар/заңды тұлғалар үшін №_____ пайларды сатып алуға өтінім

БК-ның толық атауы«Standard инвестициялық компаниясы» АҚ

Өтінімнің қабылданған күні

Қордың пайларын ұстаушылар тізіліміндегі Өтініш берушінің дербес шотының нөмірі

Өтініш беруші

Тегі

Имя

Әкесінің аты

ЖСН

Жеке басын куәландыратын құжат

Атауы

Сериясы, нөмірі

Берген күні

Берген тұлға

Уәкілетті өкіл Жеке тұлға

Тегі

Имя

Әкесінің аты

Жеке басын куәландыратын құжат представителя

Атауы

Сериясы, нөмірі

Берген күні

Берген тұлға

Өкілеттігін растайтын құжат

Уәкілетті өкіл Заңды тұлға

Мемлекеттік тіркеу туралы куәлік

Номер

Берген күні

Берген тұлға

Атынан

Тегі

Имя

Әкесінің аты

Жеке басын куәландыратын құжат

Атауы

Бұл құжат ҚР 2003 жылдың 7 қаңтарындағы "Электронды құжат және электронды сандық қол қою" туралы заңның 7 бабы, 1 тармағына сәйкес қағаз бетіндегі заңмен тең.

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года N370-II "Об электронном документе и электронной цифровой подписи" равнозначен документу на бумажном носителе.

Сериясы, нөмірі
Берген күні
Берген тұлға
Өкілеттігін растайтын құжат
Қордың пайларын _____ (жазумен) рубль сомасына сатуды сұраймын.
Ақша аударуға арналған банктік деректемелер:
Бенефициар:
Бенефициардың БСН:
БСК
ЖСК
ТМК:
БЕК: 15
Төлем мақсаты: аты-жөні;
ЖСН, «G.A.S.BONDS» ТИЖИПҚ -тың пайларын сатып алуға

Хабарламалар алу тәсілі
Мекенжайы
Факс
E-mail

Осы Өтінімге қол қою және Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 389-бабына сәйкес өтініштің пайын сатып алу менің инвестициялық пай қорын сенімгерлік басқару шартына (бұдан әрі - Шарт) қосылуға ниетімді куәландырады.

Мен мыналарды:

- Шарттың талаптарымен танысып шыққанымды және оларды толық көлемде қабылдайтынымды, сондай-ақ www.stdi.kz интернет сайтында жарияланған «G.A.S.BONDS» ТИЖИПҚ -тың қағидаларымен және Қағидаларға қосымшалармен (оның ішінде қызмет көрсету тарифтерімен) танысып шыққанымды және жоғарыда аталған құжаттардың барлық ережесін сақтауға міндеттенетінімді;
- Шарттың және «G.A.S.BONDS» ТИЖИПҚ -тың қағидаларының мәтінін және сенімгерлік басқару бойынша қызмет көрсету тәртібі мен талаптарын реттейтін қағидаларға қосымшаларды түсінетінімді, олармен өз келісімімді білдіретінімді және оларды сақтауға және орындауға міндеттенетінімді;
- Пайларды сатып алуға осы өтінім Жеке тұлғалар/заңды тұлғалар үшін Шарт жасауға ниетімді растайтын құжат болып табылатынын;
- басқарушы компанияның қолданыстағы тарифтерімен (комиссияларымен), Шарттың талаптарымен танысып шыққанымды, олардың мазмұнын түсінетінімді, олармен өз келісімімді білдіретінімді және оларды орындауға міндеттенетінімді, басқарушы компания тарифтерге (комиссияларға) енгізетін кез келген өзгерістерді www.stdi.kz интернет-сайтында орналастырылған ресми ақпаратпен танысу жолымен өз бетімше бақылайтынымды;
- ___% мөлшерінде пайдың болжалды құнына қолданылған сыйлықақымен келісемін;
- www.stdi.kz интернет-сайтында орналастырылған, басқарушы компания жинайтын деректер тізімімен танысып шыққанымды растаймын.

Өтініш берушінің / Уәкілетті өкілдің қолы

.....

Өтінішті қабылдаған агент туралы мәліметтер _____,

Бұл құжат ҚР 2003 жылдың 7 қаңтарындағы "Электронды құжат және электронды сандық қол қою" туралы заңның 7 бабы, 1 тармағына сәйкес қағаз бетіндегі заңмен тең.

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года N370-II "Об электронном документе и электронной цифровой подписи" равнозначен документу на бумажном носителе.

15. Инвестициялық пай қоры активтерінің құнын және пайдың есептік құнын есепке алу және айқындау тәртібі

1. Қор активтерінің, Қордың таза активтерінің құнын, Қор пайының есептік құнын есепке алу және айқындау Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ұлттық валютада жүргізіледі.
2. Қордың басқарушы компаниясы мен кастодианы Қор активтері мен меншікті активтерін бөлек есепке алуды, сондай-ақ Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына және Қағидаларға сәйкес қаржылық және басқа есептілікті беруді жүзеге асырады. Басқарушы компания Қордың таза активтерінің құнын, пайдың есептік құнын және Қор портфеліндегі қаржы құралдары бойынша есептелген инвестициялық кірісті алдыңғы операциялық күн үшін кастодианмен күнделікті салыстыруды жүзеге асырады.
3. Қор активтерін есепке алу және сақтау мақсатында, сондай-ақ Қор активтерін инвестициялық басқаруға байланысты операциялар бойынша есеп айырысу үшін басқарушы компания шоттарды инвестициялық басқаруды басқарушы компания жүзеге асыратынын көрсете отырып, Қордың шоттарын Кастодианда ашады.
4. Басқарушы компания мен кастодиан ай сайын Қор активтерінің құрылымы мен ағымдағы құны, қор міндеттемелерінің құны, таза активтердің құны, пайдың есептік құны және есептелген инвестициялық кірістің сомасы туралы салыстыру актісін қалыптастырады.
5. Инвестициялық қордың активтерін құрайтын және қор биржасының тізіміне кіретін қаржы құралы ол тізіміне кіретін қор биржасының бағалы қағаздарын бағалау әдістемесіне сәйкес нарықтық немесе индикативтік баға бойынша не Bloomberg ақпараттық-талдау жүйелерінің деректері бойынша бағаланады.
6. Шет мемлекеттердің заңнамасына сәйкес шығарылған қаржы құралдары Bloomberg ақпараттық-талдау жүйелерінің деректері бойынша бағалау жүргізілетін сауда күнін жабу бағасы бойынша жұмыс күнінің соңында бағаланады.
7. Құны шетел валютасында көрсетілген Қор активтерін бағалау қор активтерінің құнын айқындау күніне валюталардың нарықтық бағамы бойынша жүзеге асырылады.
8. Бағалы қағаздарды бағалау кезінде нарықтық баға туралы деректер көздерінің мынадай иерархиясы қолданылады:
 - 1-деңгей: осы шығарылымның қаржы құралдарын сатып алу нарығындағы (жергілікті нарық / халықаралық нарық) оларға қатысты нарықтық баға туралы деректер (түзетілмеген).
 - 2-деңгей: осы шығарылымның қаржы құралдарына қатысты 1-деңгейдің нарықтық бағасы туралы деректерге жатпайтын баламалы нарықтардағы (жергілікті нарық / халықаралық нарық) нарықтық баға туралы деректер. 2-деңгейдің деректерін қолдану есептік күні 1-деңгейдің деректері болмаған жағдайда жүзеге асырылады және 1-деңгейдің нарықтық бағасы туралы деректерді қамтитын соңғы күннен кейінгі күннен басталады.
 - 3-деңгей: айқындалатын (есептік) деректер. 3-деңгейдің деректерін пайдалана отырып, бағалы қағаздардың әділ құнын бағалау инвестициялық қор активтерінің құнын, инвестициялық қордың таза активтерін, инвестициялық пай қорының пайының есептік құнын айқындау қағидаларын, талаптары мен әдістемесін белгілейтін НҚА талаптарына сәйкес жүзеге асырылады:
 - үлестік бағалы қағаздардың әділ құны баланстық құны бойынша айқындалады. Үлестік бағалы қағаздардың баланстық құны, эмитенттің ашық көздерде орналастырылған (жарияланған) соңғы өзекті қаржылық есептілігінің негізінде айқындалады.
 - бағалауы қор биржасының бағалы қағаздарды бағалау әдістемесінде және Қағидаларда көзделмеген борыштық бағалы қағаздардың әділ құны ағымдағы аптаның бірінші жұмыс күнінің соңына апта сайын амортизацияланған күн бойынша есепке алу арқылы айқындалады.

Бұл құжат ҚР 2003 жылдың 7 қаңтарындағы "Электронды құжат және электронды сандық қол қою" туралы заңның 7 бабы, 1 тармағына сәйкес қағаз бетіндегі заңмен тең.

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года N370-II "Об электронном документе и электронной цифровой подписи" равнозначен документу на бумажном носителе.

Борыштық бағалы қағаздар құнының амортизациясы аптаның бірінші жұмыс күнінің соңында апта сайын 1-деңгейдің және 2-деңгейдің деректері болмаған уақыт ішінде желілік әдіспен соңғы әділ бағалау шамасынан жүзеге асырылады.

Әділ құнды айқындау үшін 3-деңгейдің деректерін қолдану 1-деңгейдің және (немесе) 2-деңгейдің деректері негізінде соңғы бағалау күнінен бастап күнтізбелік 7 күн өткеннен кейін басталады.

9. Қордың таза активтерінің құны оның активтерінің құны мен Қордың активтері есебінен орындалуға жататын міндеттемелердің арасындағы айырма ретінде айқындалады. Инвестициялық пай қорының пайының есептік құны Қордың пайларын ұстаушылар тізілімдерінің жүйесін жүргізуді жүзеге асыратын орталық депозитарийдің деректеріне сәйкес осындай Қордың таза активтерінің құнын айқындау күніне осы құнды сол күнге айналыстағы пайлардың санына бөлу жолымен айқындалады.

16. Пайларды орналастыру кезінде олардың есептік құнына үстеме ақы қолдану шарттары мен есептеу тәртібі

Қордың пайларын орналастыру кезінде пайдың есептік құнына 3%-ға дейін үстеме ақы қолданылады. Сыйақы мөлшері пай болжамды құны мен пай сатып алу туралы өтініште пайызбен көрсетілген сыйлықақының көбейтіндісі ретінде есептелінеді.

17. Басқарушы компанияның және инвестициялық пай қорының жұмыс істеуін қамтамасыз ететін өзге де тұлғалардың осы қордың активтері есебінен төленуге жататын шығыстары мен сыйақыларының түрлері, айқындалу тәртібі және ең жоғары мөлшерлері

1. Басқарушы компанияға комиссиялық сыйақы сенімгерлік басқару шартында айқындалған тәртіппен Қор активтері есебінен төленеді.

2. Қордың активтері есебінен Қорды инвестициялық басқаруға байланысты шығыстар, оның ішінде:

а) Қор активтерін ұстауға байланысты шығыстар - кастодиан комиссиясы Қор активтері құнының жылына 0,65%-на дейін;

б) Орталық депозитарийде дербес шоттар ашуға, пай ұстаушылар тізілімін жүргізуге, пай ұстаушылар тізілімдерінің жүйесіне өзгерістер енгізуге (оның ішінде пай ұстаушы туралы) жылына 200 000 теңгеге дейінгі шығыстар;

в) Қор активтеріне салық салынуы мүмкін немесе Қор активтері есебінен төленуі мүмкін салықтар немесе болашақта Қазақстан Республикасының салық заңнамасы өзгерген кезде туындауы мүмкін кез келген басқа салықтар;

г) басқарушы компания агенттерінің пайларды орналастыру бойынша қызметтеріне ақы төлеуге байланысты шығыстар (бар болса) пайларды орналастыру сомасының 3% дейін;

д) Қордың жұмыс істеуін тоқтатуға байланысты шығыстар - тегін;

е) халықаралық/биржадан тыс нарықта бағалы қағаздарды сатып алу/сату операциялары – мәміле сомасының 0,30%-ы;

ж) ақша қаражатын айырбастау операциялары – мәміле сомасының 0,35%-ы өтеледі.

3. Қордың пайларын бастапқы орналастыру кезеңінде басқарушы компанияға сыйақы есептеледі, бірақ төленбейді.

4. Бастапқы орналастыру мерзімі аяқталғанға дейін немесе Қордың таза активтерінің құны пайларды бастапқы орналастыру аяқталғаннан кейін Қор активтерінің ең төменгі мөлшеріне сәйкес келмеуі себебінен Қордың жұмыс істеуі тоқтатылған жағдайда басқарушы компания Қордың пайларын бастапқы орналастыру кезеңінде жүргізілген шығындарды өтеу бойынша шығындар тәуекелін өзіне алады

5. Сыйақылар мен шығыстарды аударуды Қордың кастодианы Басқарушы компанияның бұйрығы бойынша жүзеге асырады. Қордың кастодианы көрсетілген сомалардың дұрыс

Бұл құжат ҚР 2003 жылдың 7 қаңтарындағы "Электронды құжат және электронды сандық қол қою" туралы заңның 7 бабы, 1 тармағына сәйкес қағаз бетіндегі заңмен тең.

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗПК от 7 января 2003 года N370-II "Об электронном документе и электронной цифровой подписи" равнозначен документу на бумажном носителе.

есептелуін бақылауды жүзеге асырады.

18. Басқарушы компанияның немесе кастодианның инвестициялық пай қорының жұмыс істеуін қамтамасыз ету жөніндегі қызметті одан әрі жүзеге асыруға мүмкіндігі болмаған немесе одан бас тартқан жағдайларда, оларды ауыстыру шарттары мен тәртібі

1. Қордың пайларын бастапқы орналастыру кезеңінде Басқарушы компания Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен осы Қағидаларға тиісті өзгерістер енгізе отырып, басқа кастодианмен немесе аудиторлық ұйыммен шарттар жасау туралы өз бетінше шешім қабылдауға құқылы.
2. Басқарушы компания, Кастодиан Қордың жұмыс істеуін қамтамасыз ету жөніндегі өз қызметінен мүмкін еместігіне (лицензияны тоқтата тұру немесе одан айыру, заңды тұлғаны тоқтату және өзге де жағдайлар) немесе бас тартуға (кез келген негіздер бойынша) байланысты олардың мұндай қызметті жүзеге асыруын тоқтату туралы шешім қабылдаған жағдайда, Басқарушы компания жаңа басқарушы компанияны, кастодианды таңдау туралы мәселені шешу үшін Қордың пай ұстаушыларының жалпы жиналысын шақырады.
3. Қордың пайларын ұстаушылардың жалпы жиналысы Қордың жұмыс істеуін жалғастыру және жаңа басқарушы компанияны, кастодианды таңдау туралы шешім қабылдаған жағдайда, басқарушы компания, кастодиан жаңа басқарушы компанияны, кастодианды тағайындауға қатысты Қор Қағидаларына өзгерістер күшіне енгенге дейін Қордың активтерін басқаруды жүзеге асыруды жалғастырады. Қордың басқарушы компания мен кастодианды ауыстыру туралы Қағидаларына өзгерістер мен толықтырулар Қордың пайларын ұстаушылардың жалпы жиналысы осындай шешім қабылдаған күні күшіне енеді.
4. Қордың осы Қағидаларына жаңа басқарушы компанияны немесе жаңа кастодианды тағайындауға қатысты өзгерістер мен толықтырулар (қай адамның ауысуына байланысты) уәкілетті органмен келісуге жатады. Және уәкілетті орган өзгерістерді келіскен күннен кейін күнтізбелік 30 күн өткен соң күшіне енеді.
5. Кастодианды ауыстырған кезде басқарушы компания қордың жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін акционерлердің жалпы жиналысының шешіміне сәйкес басқа кастодианмен шарт жасасуға міндетті.
6. Басқарушы компания немесе кастодиан қордың қызметін жалғастыру үшін қажетті барлық құқық белгілейтін және өзге де құжаттар мен деректерді Қордың жұмысын жалғастыруды қамтамасыз ету үшін ең аз қысқа мерзімде жаңа басқарушы компанияға немесе кастодианға беруге міндетті.
7. Қордың жаңадан тағайындалған басқарушы компанияның активтерін беру тараптардың қабылдау-беру актісіне қол қою жолымен, Қордың кастодиандағы шотынан үзінді көшірмені және қордың активтерге құқықтарын растайтын кастодианға сақтауға тапсырылған бастапқы құжаттардың тізбесін қоса бере отырып жүзеге асырылады. Тараптардың Қор активтерін қабылдау-беру актісіне қол қойған күні Қор активтерін беру күні болып табылады.

19. Инвестициялық пай қорының пайларын орналастыруды тоқтата тұру шарттары мен тәртібі

1. Қордың пайларын орналастыру мынадай:
 - а) қордың жұмыс істеуін қамтамасыз ететін адамдар немесе қаржы құралдары немесе өзге де мүлкі қор активтерінің құрамына кіретін адамдар Қазақстан Республикасы заңнамасының немесе шарттық міндеттемелердің талаптарын бұзған немесе орындай алмаған жағдайларда уәкілетті органның нұсқамасы бойынша тоқтатылуы мүмкін;
 - б) басқарушы компанияның шешімі бойынша тоқтатылуы мүмкін, бұл ретте орналастыруды тоқтата тұру мерзімін басқарушы компания белгілейді;

Бұл құжат ҚР 2003 жылдың 7 қаңтарындағы "Электронды құжат және электронды сандық қол қою" туралы заңның 7 бабы, 1 тармағына сәйкес қағаз бетіндегі заңмен тең.

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года N370-II "Об электронном документе и электронной цифровой подписи" равнозначен документу на бумажном носителе.

- в) осы тармақтың (а) тармақшасында көзделген жағдайда, басқарушы компания уәкілетті органның хабарламасын алған сәтте қордың пайларын орналастыруды тоқтата тұруға міндетті.
2. Пайларды орналастыруды тоқтата тұру қажет болған жағдайда басқарушы компания бұл туралы уәкілетті органға осындай тоқтата тұрудың себептерін және оларды жою жөніндегі шараларды көрсете отырып, сол күні жазбаша хабарлауға міндетті. Басқарушы компания орналастыру басталған күні орналастыруды қайта бастау туралы уәкілетті органды хабардар етуге міндетті.
3. Пайларды орналастыру белгісіз мерзімге тоқтата тұруға себеп болған бұзушылықтар жойылғанға дейін осылай тоқтатыла тұруы мүмкін.
4. Басқарушы компания Қор қағидаларында көрсетілген басқарушы компанияның корпоративтік интернет-ресурсында пайларды орналастыруды тоқтата тұру туралы ақпаратты тоқтатыла тұратын күнге дейін күнтізбелік 30 (отыз) күннен кешіктірілмейтін мерзімде орналастырады.

20. Инвестициялық пай қоры жұмысының тоқтатылғаны туралы ақпарат жарияланатын баспа басылымының атауын көрсете отырып инвестициялық пай қорының жұмыс істеуін тоқтату, оның ішінде қор жұмысын тоқтату кезінде пайларды сатып алу талаптары мен тәртібі

1. Қордың жұмыс істеуін тоқтату үшін басқарушы компания қор пайларын ұстаушылардың жалпы жиналысын шақырады және өткізеді.
2. Қордың жұмыс істеуін тоқтату мынадай:
 - а) пайларды бастапқы орналастыру аяқталғаннан кейін қордың таза активтері құнының қор активтерінің ең аз мөлшеріне қойылатын талапқа сәйкес келмеген;
 - б) пайларды сатып алуға өтінімдерді орындау нәтижесінде Қордың таза активтері құнының инвестициялық пай қоры активтерінің ең төменгі мөлшеріне қойылатын талапқа сәйкес келмеген және ол туындаған күннен бастап екі ай ішінде көрсетілген сәйкессіздікті жоймаған;
 - в) қордың басқарушы компаниясы немесе қор кастодианы шарт бойынша өзіне қабылдаған міндеттемелерді одан әрі орындау мүмкін еместігіне байланысты және егер аталған шешім қабылданған сәттен бастап үш ай ішінде қордың басқарушы компанияны немесе жаңа кастодианды тағайындауға қатысты қағидаларына өзгерістер күшіне еنبесе, қордың активтерін басқару немесе активтерін есепке алу және сақтау жөніндегі функцияларды одан әрі орындаудан бас тарту туралы шешім қабылдаған;
 - г) бағалы қағаздар нарығында кәсіби қызметтің тиісті түрін жүзеге асыруға қордың басқарушы компаниясының, қор кастодианының лицензиясының қолданылуы тоқтата тұрған жағдайларда және егер үш ай ішінде лицензияның қолданылуы жаңартылмаса немесе жаңа басқарушы компанияны, жаңа кастодианды тағайындауға қатысты Қор қағидаларына өзгерістер күшіне еنبесе;
 - д) қордың басқарушы компаниясын немесе қордың кастодианын бағалы қағаздар нарығында кәсіби қызметтің тиісті түрін жүзеге асыруға лицензиясынан айырған жағдайларда және егер лицензиядан айырылған сәттен бастап екі ай ішінде жаңа басқарушы компанияны немесе жаңа кастодианды тағайындауға қатысты Қор қағидаларына өзгерістер күшіне еنبесе;
 - е) Қордың пайларын ұстаушылардың жалпы жиналысының оның жұмыс істеуін тоқтату туралы шешім қабылдаған;
 - ж) пайларды орналастыру басталған күннен бастап пайларды бастапқы орналастыру мерзімінің 3 айдан асып кетуі. Пайларды орналастырудың басталатын күні басқарушы компанияның корпоративтік интернет-ресурсында жарияланады;
 - з) Қазақстан Республикасының заңнамасында және уәкілетті органның актілерінде көзделген өзге де негіздер бойынша жүзеге асырылады.
3. Кредиторлармен есеп айырысуды жүзеге асыру үшін пайларды ұстаушыларға қалған ақшаны

Бұл құжат ҚР 2003 жылдың 7 қаңтарындағы "Электронды құжат және электронды сандық қол қою" туралы заңның 7 бабы, 1 тармағына сәйкес қағаз бетіндегі заңмен тең.

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года N370-II "Об электронном документе и электронной цифровой подписи" равнозначен документу на бумажном носителе.

қайтару қорының жұмыс істеуін тоқтатуға байланысты шығыстарды төлеуді қоспағанда, қордың жұмыс істеуін тоқтату үшін негіздер туындаған сәттен бастап қордың активтеріне билік етуге жол берілмейді.

Қордың жұмыс істеуін тоқтатуды жүзеге асыратын адамдар.

4. Қордың жұмыс істеуін тоқтатуды Қордың басқарушы компаниясы пай ұстаушылардың жалпы жиналысының тиісті шешімі негізінде жүзеге асырады.

5. Қордың басқарушы компаниясының лицензиясының қолданысы тоқтатылған немесе одан айырылған жағдайда оның жұмыс істеуін тоқтатуды Қордың кастодианы жүзеге асырады.

6. Кастодианның лицензиясының қолданысы тоқтатылған немесе одан айырылған жағдайда Қордың жұмыс істеуін тоқтатуды оның лицензиясының қолданылуына қарамастан Қордың басқарушы компаниясы жүзеге асырады.

7. Басқарушы компания және (немесе) кастодиан Қордың жұмыс істеуі тоқтатылған кезде Қор активтерінің өткізілуін қамтамасыз етуге, Қордың кредиторларымен есеп айырысуды жүзеге асыруға, Қордың жұмыс істеуін тоқтатуға байланысты шығыстарды төлеуге және қалған ақшаны Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына және Қордың осы Қағидаларына сәйкес пай ұстаушылар арасында бөлуге міндетті.

8. Уәкілетті орган Қордың жұмыс істеуін тоқтату рәсімін бақылау үшін өз өкілін жіберуге құқылы.

Қордың жұмыс істеуін тоқтату тәртібі.

9. Қордың басқарушы компаниясы немесе кастодианы қордың жұмыс істеуін тоқтату үшін негіздер басталған сәттен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде:

а) пай ұстаушыларға, уәкілетті органға, Қордың жұмыс істеуін қамтамасыз ететін ұйымдарға, Қордың кредиторларына және Қор активтерімен орындалмаған мәмілелердегі тараптарға Қордың жұмыс істеуін тоқтату туралы, осы рәсімді жүргізудің шарттары мен тәртібі туралы хабарлама жіберуге;

б) орталық депозитарийге пай ұстаушылар тізілімінде мәмілелерді тіркеуді тоқтатылатын күнін көрсете отырып, осы Қордың пай ұстаушылар тізіліміндегі дербес шоттар бойынша операцияны тоқтату туралы талап жіберуге міндетті.

10. Қордың пайларын ұстаушылар тізіліміндегі дербес шоттар бойынша операцияларды тоқтату туралы талапты Қордың Басқарушы компаниясы немесе Қордың кастодианы қордың пайларын ұстаушылар тізілімінде мәмілелерді тіркеуді тоқтатылатын күнін көрсете отырып, орталық депозитарийге жазбаша түрде жібереді.

11. Қор активтері есебінен қанағаттандырылуы тиіс кредиторлардың талаптарын ұсыну мерзімі қордың жұмыс істеуін тоқтату туралы олар хабардар етілген күннен бастап кемінде 1 (бір) ай болуға тиіс.

12. Қордың жұмыс істеуі оның пайларын бастапқы орналастыру мерзімі аяқталғанға дейін немесе оның таза активтерінің құны қор активтерінің ең төменгі мөлшеріне сәйкес келмеуі себебінен тоқтатылған кезде пайларды бастапқы орналастыру аяқталғаннан кейін басқарушы компания немесе кастодиан пай ұстаушыларға қордың жұмыс істеуін тоқтату үшін негіздер басталған сәттен бастап күнтізбелік 10 (он) күннен кешіктірмей ақшаны қайтаруға міндетті.

13. Басқарушы компания немесе кастодиан талаптары қор активтері есебінен қанағаттандырылуы тиіс кредиторларды анықтау және оның жұмыс істеуі кезеңінде төленген, бірақ жеткізілмеген (Қордың меншігі ретінде тіркелмеген) қор активтерін алу жөнінде шаралар қабылдайды.

14. Қор активтері есебінен қанағаттандырылуы тиіс кредиторлардың талаптарын ұсыну мерзімі аяқталғаннан кейін және аталған кредиторлармен есеп айырысу басталғанға дейін Қордың басқарушы компаниясы және (немесе) кастодианы қор активтерінің құрамы мен құны туралы, кредиторлар қойған талаптар туралы, Қордың төленген, бірақ жеткізілмеген активтері туралы мәліметтерді, сондай-ақ көрсетілген мәліметтерді қарау нәтижелері және одан әрі іс-қимылдар

Бұл құжат ҚР 2003 жылдың 7 қаңтарындағы "Электронды құжат және электронды сандық қол қою" туралы заңның 7 бабы, 1 тармағына сәйкес қағаз бетіндегі заңмен тең.

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года N370-II "Об электронном документе и электронной цифровой подписи" равнозначен документу на бумажном носителе.

туралы есепті жасайды және уәкілетті органға жібереді.

15. Қордың жұмыс істеуін тоқтату туралы ақпарат мыналарға:

- а) басқарушы компанияның корпоративтік интернет-ресурсында хабарлама орналастыру арқылы Қордың пайларын ұстаушыларға;
- б) жазбаша хабарлама жіберу арқылы уәкілетті органға;
- в) жазбаша хабарламалар жіберу арқылы Қордың болуын және жұмыс істеуін қамтамасыз ететін ұйымдарға;
- г) жазбаша хабарлама жіберу жолымен және (немесе) сауда-саттықты ұйымдастырушыларға жазбаша хабарламалар жолымен Қор активтерімен орындалмаған мәмілелерде Қор мен тараптардың кредиторларына жіберіледі.

16. Қазақстан Республикасының заңнамасына және осы Қағидаларға сәйкес кең таралуы мүмкін ақпарат басқарушы компанияның корпоративтік интернет-ресурсында және «Заң газеті» баспа басылымында орналастырылады.

Қордың жұмыс істеуі тоқтатылған кезде міндеттемелерді орындау.

17. Қордың бастапқы орналастыру мерзімі аяқталғанға дейін немесе осы Қағидалардың 20-тармағының 2-тармақшасында көзделген себеппен Қордың жұмыс істеуі тоқтатылған жағдайларды қоспағанда, Қор активтерін өткізуден алынған ақша мынадай тәртіппен бөлінеді:

а) бірінші кезекте Қордың жұмыс істеуін қамтамасыз еткен үшінші тұлғалардың және Қордың міндеттемелері тоқтатылу негізі туындағанға дейін пайда болған өзге де кредиторлардың, сондай-ақ пайларды төлеген, бірақ Қордың пайларын ұстаушылар тізіліміне енгізілмеген адамдардың және пайларды сатып алуға өтінімдер Қордың жұмыс істеуін тоқтату негіздері пайда болған сәтке дейін қабылданған пай ұстаушылардың шығыстарына ақы төлеу жүзеге асырылады;

б) екінші кезекте Қордың басқарушы компаниясы мен кастодианын қоспағанда, қордың активтерін өткізуді және оның қызмет етуі тоқтатылған кезеңде оның пайларын сатып алуды қамтамасыз еткен адамдардың шығыстарын төлеу жүзеге асырылады;

в) үшінші кезекте, егер қордың жұмыс істеуін тоқтату кастодианның қызметіне, оның кастодиандық қызметке лицензиясының қолданылуына байланысты емес негіздер бойынша жүзеге асырылатын жағдайларда, қордың жұмыс істеуін тоқтатуға байланысты Қор кастодианының шығыстарына ақы төлеу жүзеге асырылады;

г) төртінші кезекте, егер Қордың жұмыс істеуін тоқтату басқарушы компанияның қызметіне, оның инвестициялық портфельді басқаруға арналған лицензиясының қолданылуына байланысты емес негіздер бойынша жүзеге асырылатын жағдайларда, Қордың жұмыс істеуін тоқтатуға байланысты Қордың басқарушы компаниясының шығыстарына ақы төлеу жүзеге асырылады;

д) бесінші кезекте, егер Қордың жұмыс істеуін тоқтату орталық депозитарийдің қызметіне тәуелді емес негіздер бойынша жүзеге асырылса, Қордың жұмыс істеуін тоқтатуға байланысты орталық депозитарийдің шығыстарына ақы төлеу жүзеге асырылады;

е) алтыншы кезекте, ақшаны пай ұстаушылар арасында бөлу жүзеге асырылады. Пай ұстаушылар арасында ақшаны бөлу олардың қордың пайларына ақы төлеу шотына енгізілген салымдарының сомасына тепе-тең жүргізіледі.

18. Пай ұстаушыларға ақша төлеу пай ұстаушының өтінімде көрсетілген банк деректемелеріне ақша аудару жолымен жүзеге асырылады.

19. Ақшалай өтемақы төлеу жөніндегі міндет Қордың немесе басқарушы компанияның шотынан тиісті ақша сомасы оны пайды ұстаушының банк деректемелеріне аударған кезде есептен шығарылған күннен бастап орындаған болып есептеледі;

20. Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда Қордың жұмыс істеуі тоқтатылған кезде басқарушы компанияның Қордың жұмыс істеуін тоқтату рәсіміне байланысты шығыстары Қор активтері есебінен өтелмейді.

21. Есеп айырысулар аяқталғаннан кейін күнтізбелік он төрт күн ішінде басқарушы компания немесе инвестициялық пай қорының кастодианы осы бапқа сәйкес уәкілетті органға Қордың жұмыс істеуін тоқтату туралы ақпаратты мыналарды:

а) осы Қордың барлық активін бөлу туралы Қор кастодианының хабарламасы;

б) Орталық депозитарийдің осы Қордың пайларын ұстаушылар тізілімдері жүйесінің жабылғаны туралы хабарламасы қоса беріп ұсынады.

21. Пай ұстаушылардың сұратулары бойынша есеп берудің шарттары мен тәртібі

1. Басқарушы компанияның қызметі туралы, оның ішінде қордың таза активтерінің құрамы мен құны, сондай-ақ есептік құны туралы есепті басқарушы компания айына кемінде бір рет қалыптастырады (бұдан әрі – «Есепті кезең») және есепті айдан кейінгі айдың 20-нан кешіктірмей пай ұстаушыларға тапсыру арқылы Қор пайларын ұстаушыны жалпы таныстыруға не орталық депозитарийде бар пай ұстаушылардың немесе пай ұстаушылар өтінімде көрсеткен мекенжайлары бойынша пошта арқылы не олар болған кезде факс немесе электрондық пошта арқылы жіберу арқылы не осы Қағидаларда көрсетілген басқарушы компанияның интернет-ресурсында тиісті ақпаратты жариялау жолымен ұсынылады.

2. Активтер мен міндеттемелердің құны мен құрамы, Қордың таза активтерінің құны, сондай-ақ Қордың пайларын ұстаушылардың саны және пайының кірістілігі туралы ақпарат осы айдың жетінші жұмыс күнінен кешіктірілмей әр айдың бірінші күніндегі жағдай бойынша ай сайын басқарушы компанияның ресми интернет-ресурсында орналастырылады.

3. Қор пайының есептік құны күн сайын басқарушы компанияның корпоративтік интернет-ресурсында орналастырылады.

4. Басқарушы компания сондай-ақ пай ұстаушылардың жазбаша сұратулары бойынша есептер ұсынады. Не сұрату бойынша есеп беруді талап ететін, өзінің деректемелерін көрсете отырып, басқарушы компанияға жазбаша сұратумен жүгінуге міндетті.

5. Егер сұратылып отырған ақпарат Қазақстан Республикасының заңнамасына және осы Қағидаларға сәйкес жария етілуі мүмкін болса, Басқарушы компания сұратылып отырған ақпаратты күнтізбелік 15 (он бес) күн ішінде беруге міндетті.

22. Пай ұстаушылар алдында инвестициялық пай қоры, оның ережесі және оларға енгізілген өзгерістер, қордың таза активтері құнының және пайдың есептік құнының өзгеруі, пайды орналастыру және сатып алу бағалары туралы, сондай-ақ инвестициялық пай қорының жұмыс істеуін қамтамасыз ететін тұлғалар, олардың қызметінің нәтижелері туралы ақпаратты ашу шарттары мен тәртібі

1. Қор туралы ақпарат Қазақстан Республикасының заңнамасында, жарғыда, инвестициялық декларацияда және осы Қағидаларда белгіленген талаптарға сәйкес келуге тиіс.

Қор туралы ақпарат мыналарды:

а) Қордың тәуекелді инвестициялау қоры болып табылатындығын көрсете отырып, қордың атауын;

б) қор қағидаларының нөмірі мен тіркелген күнін;

в) Қордың басқарушы компаниясының атауын, берілген күнін және лицензия нөмірін;

г) қор туралы толық ақпарат алуға болатын орындар туралы ақпаратты (мекенжайлары мен телефон нөмірлерін көрсете отырып);

д) қор пайларының құны ұлғаюы немесе азаюы мүмкін екендігі туралы нұсқауды, өткен инвестициялау нәтижелері кірістерді айқындамайды, мемлекет инвестициялық қорларға инвестициялардың кірістілігіне кепілдік бермейді, сондай-ақ қор пайларын сатып алу алдында Қор қағидаларымен (оның ішінде қор қағидаларының ажырамас бөлігі болып табылатын қордың инвестициялық декларациясымен) танысып шығу қажеттілігі туралы ескертуді қамтуға тиіс.

Бұл құжат ҚР 2003 жылдың 7 қаңтарындағы "Электронды құжат және электронды сандық қол қою" туралы заңның 7 бабы, 1 тармағына сәйкес қағаз бетіндегі заңмен тең.

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года N370-II "Об электронном документе и электронной цифровой подписи" равнозначен документу на бумажном носителе.

2. Басқарушы компанияның және осы қордың бағалы қағаздары айналысқа түсетін қор биржасының интернет-ресурстарын қоспағанда, Қор туралы мәліметтер бұқаралық ақпарат құралдарында орналастырыла алмайды және Қордың қағидаларына өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу туралы акционерлер мен пай ұстаушыларды хабардар ету, Қордың пай ұстаушыларының жалпы жиналысын шақыру, пайларды орналастыруды тоқтата тұру, Қорды тарату және тоқтату жағдайларын қоспағанда, сыртқы (көрнекі) жарнама арқылы таратылады.

3. Қор және басқарушы компания туралы ақпаратта дұрыс емес немесе жаңылыстыратын мәліметтер, сондай-ақ:

а) басқарушы компанияның инвестициялық қызметінің, оның ішінде олардың бұрынғы нақты қызметі туралы ақпаратқа негізделген болашақ кірістілігінің кепілдіктері;

б) өзге оқиғаға немесе үш жылдан астам уақыт бұрын болған уақыт кезеңіне қатысты басқарушы компанияның инвестициялық қызметінің нәтижелеріне елеулі әсер етуі мүмкін факторлар туралы өтініштерді;

в) қордың таза активтерінің кірістілігі мен құнының нақты есептеулеріне негізделмеген басқарушы компанияның инвестициялық қызметінің көрсеткіштерін салыстыруды;

г) инвестициялардың қауіпсіздігіне және көрсетілген инвестициялармен байланысты ықтимал кірістер немесе шығыстар мөлшерінің тұрақтылығына кепілдіктерді қамтитын болашақ инвестициялар туралы өтініштерді;

д) басқарушы компанияның басқару дағдылары немесе сипаттамалары, сондай-ақ олардың мемлекеттік органдармен, өзге де адамдармен байланысы туралы асыра айтылған немесе расталмаған өтініштерді.

е) қатарынан күнтізбелік он екі айдан аз кезеңдегі инвестициялық қордың инвестициялық қызметінің кірістілігі туралы ақпаратты қамтымауы тиіс.

4. Қордың басқарушы компаниясы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өз қызметі туралы ақпараттың мазмұнына, қордың таза активтерінің құрамы мен құнын сипаттайтын көрсеткіштерге жауап береді.

5. Қордың басқарушы компаниясы және олардың өкілдері әлеуетті инвесторларға немесе пай ұстаушыларға мыналарды:

а) басқарушы компанияның жарғысын, инвестициялық декларацияны, оларға барлық келісілген өзгеріс пен толықтыруларды қамтитын Қор қағидасын;

б) Қор активтерінің, Қордың таза активтерінің құрамы мен құнын, осы мәліметтер айқындалған соңғы күнгі жағдай бойынша бір пайдың есептік құны туралы мәліметтерді;

в) Қордың басқарушы компаниясының өткен қаржы жылындағы инвестициялық Қордың жұмыс істеуін қамтамасыз ету жөніндегі қызметін тексеру нәтижелерімен бірге олардың аудиторлық есептерінен үзінділерді;

г) басқарушы компанияның, кастодианның және Қордың жұмыс істеуін қамтамасыз ететін өзге де субъектілердің кез келген өткен кезең үшін Қор активтері есебінен өтелуге жататын сыйақылары мен шығыстарының ықтимал және нақты мөлшері туралы мәліметтерді;

д) инвестициялық қордың активтерін басқару, есепке алу және сақтау жөніндегі қызметіне байланысты инвестициялық қордың басқарушы компаниясы мен кастодианына қолданылатын санкциялар, қадағалап ден қою шаралары, әкімшілік жазалар және өзге де ықпал ету шаралары туралы мәліметтер;

е) Қазақстан Республикасының заңнамасында, Қор қағидаларында белгіленген талаптарға сәйкес Қордың басқарушы компаниясы тарататын өзге де ақпаратты қамтиды.

6. Қор пайларын орналастыру және сатып алу бағалары, бір пайдың есептік құнын, осы мәліметтер айқындалған соңғы күнгі жағдай бойынша қордың таза активтерінің құнын (оның ішінде бір пайға есептегенде) айқындау әдісі туралы, қор пайларын орналастыруды/сатып алуды тоқтата тұру немесе қайта бастау жағдайларындағы басталу және аяқталу мерзімдері, уақыты туралы ақпарат, әлеуетті инвесторларға немесе пай ұстаушыларға осы Қағидаларда

көрсетілген талаптарда, тәртіппен және тәсілдермен ұсынылуға тиіс.

7. Осы Қағидаларда көзделген жағдайларда басқарушы компания қордың пайларын сатып алу туралы өз бетінше шешім қабылдауға құқылы. Пайларды сатып алу туралы шешім мыналарды:

- а) пайларды сатып алуға өтінімдерді қабылдау тәртібін;
- б) өздеріне тиесілі пайларды сатып алуға өтінім беруге құқығы бар Қордың пайларын ұстаушылардың тізілімінің тіркелген күнін;
- в) пайларды сатып алуға өтінімдерді қабылдаудың басталатын және аяқталатын күні мен уақытын;
- г) пайларды сатып алуға өтінімдерді қанағаттандыру тәртібін;
- д) пайларды сатып алу бағасы мен валютасын;
- е) Қордың және басқарушы компанияның атауын қамтуы тиіс.

Пайларды сатып алу шешімі туралы ақпаратты пай ұстаушы осы тармақтың 9-тармақшасына сәйкес жібереді.

8. Пайларды орналастыру үдерісін тоқтата тұру немесе қайта бастау туралы шешім қабылданған жағдайда Қордың басқарушы компаниясы осындай шешім қабылданған күннен бастап күнтізбелік 5 (бес) күн ішінде себептерін көрсете отырып, бұл туралы хабарлама жариялауға (таратуға) міндетті.

9. Егер осы Қағидалардың тиісті тармақтарында өзгеше белгіленбесе, Қазақстан Республикасының заңнамасына және (немесе) осы Қағидаларға сәйкес басқарушы компания пай ұстаушыларға жіберуге жататын ақпаратты (оның ішінде хабарламалар және (немесе) хабарлар және (немесе) хабарламалар) және (немесе) құжаттарды:

а) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес баспа басылымында жүзеге асырылуы тиіс жағдайларды қоспағанда, басқарушы компания осындай ақпаратты және (немесе) осындай құжаттаманың мәтінін басқарушы компанияның корпоративтік интернет-ресурсында орналастырған сәттен бастап не

б) басқарушы компания көрсетілген ақпаратты және (немесе) құжаттарды пай ұстаушыларға олардың үй мекенжайлары немесе пай ұстаушылар пай сатып алуға өтінімде немесе оларды қайталама нарықта сатып алған пай ұстаушылар берген деректемелер туралы хабарламаларда көрсеткен орналасқан жерлері бойынша жіберу үшін пошта операторына берген күннен бастап 5 (бесінші) жұмыс күніне;

в) көрсетілген ақпаратты және (немесе) құжаттарды пай ұстаушыларға пай сатып алуға өтінімде немесе оларды қайталама нарықта сатып алған пай ұстаушылар берген деректемелер туралы хабарламаларда көрсетілген пай ұстаушылардың электрондық пошта мекенжайлары бойынша жіберілген күннен бастап 3 (үшінші) жұмыс күніне басқарушы компания тиісінше жіберген және пай ұстаушы алған болып есептеледі.

10. Басқарушы компанияның пай ұстаушылардан жоғарыда көрсетілген тәсілдермен жіберілген ақпаратты және (немесе) құжаттарды алғаны туралы жазбаша не ауызша растамалар алуы талап етілмейді. Бұл ретте басқарушы компания Қордың пайларын ұстаушыларға ақпаратты және (немесе) құжаттаманы жоғарыда көрсетілген тәсілдердің бірімен жібергеннен кейін және сол жерде көрсетілген мерзімдерді сақтағаннан кейін осы Қағидаларға сәйкес жасалуы (жалғастырылуы) Қордың пайларын ұстаушылардың қандай да бір ақпаратты және (немесе) құжаттаманы міндетті түрде алуына байланысты барлық қажетті әрекетті жасауға құқылы.

23. Басқарушы компанияның инвестициялық пай қорының пайларын орналастыру және сатып алу жөніндегі өкілдерінің (олар бар болса) байланыс телефондарының нөмірлері, орналасқан жері көрсетілген тізбесі болуға тиіс

- а) «Айгенис» инвестициялық компаниясы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
123112, Мәскеу қ., Пресненский муниципалды округі іш.аум.қ., Пресненский жағ., 12-үй, 9.5-кеңсе

Бұл құжат ҚР 2003 жылдың 7 қаңтарындағы "Электронды құжат және электронды сандық қол қою" туралы заңның 7 бабы, 1 тармағына сәйкес қағаз бетіндегі заңмен тең.

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года N370-II "Об электронном документе и электронной цифровой подписи" равнозначен документу на бумажном носителе.

Тел.: +7 (495) 21-21-101

info@aigenis.ru

б) «Айгенис» жабық акционерлік қоғамы

220062, Беларусь Республикасы, Минск қ., «Победителей» даңғылы, 108-үй, 7-үй жай, 201-кеңсе

Тел.: +375 (17) 388-60-31

info@aigenis.by

24. Ашық немесе аралық инвестициялық пай қорының ережесінде, көзделген мәліметтерден басқа:

1) Пайды сатып алуға өтінім беру және оны орындау шарттары мен тәртібі

2) Пайларды сатып алуды тоқтата тұру шарттары мен тәртібі

3) Басқарушы компания пайды сатып алған кезде оның есептік құнына жеңілдік қолдану шарттары мен есептеу тәртібі;

4) Басқарушы компанияның инвестициялық пай қорының ережесіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу шарттары мен тәртібі;

5) Пай ұстаушылардың тапсырысы бойынша пайларды сол басқарушы компанияның сенімгерлік басқаруындағы басқа ашық немесе аралық инвестициялық пай қорының пайларына айырбастау шарттары, қордың басқарушы компаниясының және кастодианының, сондай-ақ орталық депозитарийдің пайларды айырбастау рәсімін жүргізу шарттары мен тәртібі;

6) «Инвестициялық және венчурлік қорлар туралы» Қазақстан Республикасының Заңында және инвестициялық пай қорының қағидаларында белгіленген тәртіппен инвестициялық пай қоры туралы ақпарат жарияланатын бұқаралық ақпарат құралдары туралы мәліметтер

Қор ашық немесе аралық болып табылмайды

25. Жабық инвестициялық пай қорларының ережесінде осы баптың 1-тармағында көзделген мәліметтерден басқа:

1) Пайлар бойынша дивидендтер есептеу, төлеу шарттары мен тәртібі

Дивидендтерді есептеу, төлеу шарттары мен тәртібі Қағидалардың 5-тармағының 4-тармақшасында сипатталған

2) Инвестициялық пай қорының пайларын ұстаушылардың жалпы жиналысын шақыру және өткізу шарттары, мерзімдері мен тәртібі, жалпы жиналыстың күн тәртібін, кворумын, жалпы жиналысқа өкілдікті анықтау тәртібі, дауыс беру, дауыстарды санау, жалпы жиналыстың хаттамасын ресімдеу тәртібі болуға тиіс

1. Қордың пайларын ұстаушылардың жалпы жиналысының айрықша құзыретіне мынадай:

а) Қордың Қағидаларына өзгерістер мен толықтырулар енгізу;

б) Қордың жұмыс істеуін тоқтату;

в) Қорды басқа жабық инвестициялық пай қорымен біріктіру немесе қорды ашық немесе аралық етіп өзгерту;

Бұл құжат ҚР 2003 жылдың 7 қаңтарындағы "Электронды құжат және электронды сандық қол қою" туралы заңның 7 бабы, 1 тармағына сәйкес қағаз бетіндегі заңмен тең.

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года N370-II "Об электронном документе и электронной цифровой подписи" равнозначен документу на бумажном носителе.

- г) Қордың басқарушы компаниясын немесе кастодианын ауыстыру;
- д) Қордың Қағидаларына сәйкес өзге де мәселелер шешу жатады.
2. Дауыс беру кезінде пай ұстаушыға берілетін дауыстардың саны оған тиесілі пайлардың санымен айқындалады.
3. Қордың пайларын ұстаушылардың жалпы жиналысы дауыс беру рәсіміне пай ұстаушылардың немесе Қордың пайларының кемінде үштен екісі бар олардың өкілдерінің қатысуымен жалпы жиналыс (жалпы жиналысты өткізуге арналған кворум) өткізілетін күнге шешім қабылдауға құқылы.
4. Жалпы жиналыстың шешімдері Қордың пайларын ұстаушылардың немесе олардың жалпы жиналысқа қатысатын өкілдерінің жай көпшілік даусымен қабылданады. Жалғыз пай ұстаушы Қорда пай ұстаушылардың жалпы жиналысы шақырмайды және өткізбейді. Пай ұстаушылардың жалпы жиналысының айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша шешімдерді пай ұстаушылардың жалғыз өзі қабылдайды және жазбаша түрде ресімделеді.
5. Қордың Басқарушы компаниясы осы Қағидаларда белгіленген тәртіппен сырттай дауыс беру арқылы қордың пайларын ұстаушылардың жалпы жиналысын өткізу туралы шешім қабылдауға құқылы.
6. Басқарушы компанияның, кастодианның, Орталық депозитарийдің және уәкілетті органның өкілдері қордың пайларын ұстаушылардың жалпы жиналысына қатысуға құқылы.
7. Қордың пайларын ұстаушылардың жалпы жиналысы хаттамасының көшірмесін (пайларды жалғыз ұстаушының шешімі) жалпы жиналыс өткізілген күннен бастап үш жұмыс күні ішінде (пайларды жалғыз ұстаушының шешім қабылдаған күні) Басқарушы компания уәкілетті органға жібереді, сондай-ақ қордың пайларын ұстаушыларға олардың жазбаша сұрау салуы бойынша табыс етеді.
8. Қордың пай ұстаушыларының жалпы жиналысын басқарушы компания:
- а) өз бастамасы бойынша;
- б) қордың пайларын ұстаушылардың жалпы жиналысын шақыру туралы талап берілген күнге пайлардың жалпы санының кемінде үштен бірін құрайтын пайларды ұстаушылардың жазбаша талап етуі бойынша.
- в) басқарушы компания Қордың активтерін басқа басқарушы компанияның басқаруына беру немесе Қордың жұмыс істеуін тоқтату туралы мәселені шешу үшін Қорды сенімгерлік басқару шартын бұзу туралы шешім қабылдаған жағдайда шақыра алады.
9. Басқарушы компанияның бастамасы бойынша жалпы жиналысты шақыруға және өткізуге байланысты шығындарды басқарушы компания жүзеге асырады, бұл ретте басқарушы компанияның 100% мөлшеріндегі шығыстарын өтеу Қордың активтері есебінен жүзеге асырылады.
10. Жалпы жиналыс Қордың пайларын ұстаушылардың жалпы жиналысын шақыру туралы талап берілген күнгі пайлардың жалпы санының кемінде үштен бірін құрайтын пайлары бар ұстаушылардың бастамасы бойынша шақырылған жағдайда, жалпы жиналысты шақыруға және өткізуге байланысты шығындар Қор активтері есебінен өтеледі.
11. Пай ұстаушылардың Қордың пай ұстаушыларының жалпы жиналысын шақыру туралы жазбаша талабы пай ұстаушының атын (атауын), бастамасы бойынша жиналыс шақырылатын барлық пай ұстаушының уәкілетті тұлғаларының қолдарын, оны шақырудың себептерін, сондай-ақ жалпы жиналыстың күн тәртібін қамтуға тиіс.
12. Пай ұстаушылардың жалпы жиналысты шақыру туралы жазбаша талабын пай ұстаушылар басқарушы компанияның мекенжайы (орналасқан жері) бойынша пошта байланысы арқылы жіберу немесе басқарушы компанияның уәкілетті тұлғасына қол қою арқылы басқарушы компанияға береді. Пай ұстаушылардың жалпы жиналысын шақыру туралы жазбаша талап бір мезгілде уәкілетті органды хабардар ете отырып, Орталық депозитарийге, Кастодианға жіберілуге тиіс.

Бұл құжат ҚР 2003 жылдың 7 қаңтарындағы "Электронды құжат және электронды сандық қол қою" туралы заңның 7 бабы, 1 тармағына сәйкес қағаз бетіндегі заңмен тең.

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года N370-II "Об электронном документе и электронной цифровой подписи" равнозначен документу на бумажном носителе.

13. Пай ұстаушылардың жалпы жиналысын шақыру туралы талап келіп түскен күннен бастап 5 жұмыс күні ішінде Басқарушы компания жиналысты шақыру немесе оны шақырудан бас тарту туралы шешім қабылдауға тиіс. Пай ұстаушылардың жалпы жиналысын шақырудан және өткізуден бас тарту туралы шешім, егер:

а) осы Қағидаларда белгіленген пай ұстаушылардың жалпы жиналысын шақыру туралы жазбаша талап беру тәртібі сақталмаған;

б) пай ұстаушылардың жалпы жиналысының күн тәртібіне енгізу үшін ұсынылған мәселелердің ешқайсысы пай ұстаушылардың жалпы жиналысы шешетін мәселелерге жатпайды;

в) Қордың пай ұстаушыларының жалпы жиналысын шақыру туралы талап берілген күнге пай ұстаушылардың жалпы санының кемінде үштен бір бөлігі мөлшерінде пай ұстаушылардың жалпы жиналысын шақыру және өткізу үшін осы Қағидаларға сәйкес талап етілетін пай ұстаушылардың кворумы сақталмаған.

Пай ұстаушылардың жалпы жиналысын шақырудан және өткізуден бас тарту туралы шешімді Басқарушы компания тиісті шешім қабылдаған күннен бастап күнтізбелік 5 күн ішінде пошта жөнелтілімімен шақыруды талап ететін адамдарға жібереді.

14. Қордың пайларын ұстаушылардың жалпы жиналысына қатысуға құқығы бар Қордың пайларын ұстаушылардың тізілімін тіркеу күнін Басқарушы компания белгілейді.

15. Қордың пайларын ұстаушылардың жалпы жиналысын шақыру туралы хабарлама Басқарушы компанияның интернет-ресурсында жалпы жиналыс өткізілетін күнге дейін күнтізбелік 10 күннен кешіктірілмейтін мерзімде жарияланады не жазбаша нысанда пайларды әрбір ұстаушыға ол өткізілетін күнге дейін күнтізбелік 5 күннен кешіктірілмейтін мерзімде жіберіледі. Пай ұстаушыға жазбаша хабарлама пошта хабарламасын жіберу немесе пай сатып алуға арналған өтінімде көрсетілген мекенжайға электрондық пошта арқылы жіберу арқылы жүзеге асырылады. Пай ұстаушылардың жалпы жиналысын өткізу туралы ақпарат Орталық депозитарийдің, кастодианның және уәкілетті органға жіберілуі тиіс.

16. Қордың пайларын ұстаушылардың жалпы жиналысын шақыру туралы хабарлама:

а) Қордың атауын;

б) пай ұстаушылардың жалпы жиналысының өткізілетін орнын, күнін және уақытын; жиналысқа қатысушыларды тіркеудің басталатын және аяқталатын уақытын;

в) жиналысқа қатысуға құқығы бар қордың пайларын ұстаушылардың тізімі тіркелетін күнін;

г) пай ұстаушылардың жалпы жиналысын өткізу нысанын (күндізгі отырыс, сырттай немесе аралас дауыс беру);

д) Жиналыстың күн тәртібін;

е) сырттай/аралас дауыс беруге арналған бюллетеньдерді қабылдаудың аяқталатын күнін және толтырылған бюллетеньдер жіберілетін мекенжайды;

ж) қордың пайларын ұстаушыларды күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдармен таныстыру тәртібін және олармен танысуға болатын мекенжайын;

з) Егер алдыңғы жиналыс өтпесе, қайта жиналыс өткізілетін орынды, күнді және уақытты қамтиды.

17. Күн тәртібіне Қор Қағидаларына өзгерістер мен толықтырулар енгізу немесе оның жұмыс істеуін тоқтату туралы мәселелерді шешу кіретін қайталама жалпы жиналыстарды қоспағанда, осындай дауыс беруге қатысатын пайлардың санына қарамастан, өткізілмеген кворумның орнына шақырылған қордың пайларын ұстаушылардың қайталама жалпы жиналысы заңды болып саналады.

18. Осы Қағидаларға өзгерістер мен толықтырулар енгізу немесе Қордың жұмыс істеуін тоқтату туралы мәселелерді шешу үшін пай ұстаушылардың қайталама жалпы жиналысы, егер тіркеу (сырттай дауыс беру өткізілген жағдайда бюллетеньдерді қабылдау) аяқталған сәтте оған қатысу үшін жалпы жиналыс (сырттай дауыс беру) өткізілетін күнгі пайлардың жиынтығы он

бес немесе одан да көп пайызы бар ұстаушы немесе олардың өкілдері тіркелген (дауыс беруге арналған бюллетеньдерді ұсынған) болса, шешімдер қабылдауға құқылы.

Қордың Қағидаларына құқықтарына нұқсан келтіретін өзгерістер мен толықтырулар енгізуге қарсы дауыс берген пайларды ұстаушылар басқарушы компаниядан Қор Қағидаларында пайды ұстаушының пайларды сатып алуға құқығының барына қарамастан өзгерістер мен толықтырулардың уәкілетті органмен келісілгені туралы көрсетіле отырып, олардың мәтінін Қор қағидаларында белгіленген тәртіппен баспа басылымында жарияланғаннан немесе алғаннан кейін күнтізбелік отыз күн ішінде оларға тиесілі пайларды сатып алуды талап етуге құқылы.

19. Қордың пайларын ұстаушылардың қайталама жалпы жиналысы өткізілмеген жиналыс күнінен кейін күнтізбелік он төрт күннен кешіктірілмей күн тәртібімен өткізіледі.

20. Қордың пайларын ұстаушылардың жалпы жиналысының шешімдері сырттай дауыс беру арқылы қабылдануы мүмкін. Сырттай дауыс беру жиналысқа қатысып отырған пай ұстаушылардың дауыс беруімен бірге (аралас дауыс беру), сондай-ақ пай ұстаушылардың жалпы жиналысының отырысын өткізбей қолданылуы мүмкін. Сырттай немесе аралас дауыс беру тәртібін пайдалану туралы шешімді басқарушы компания қабылдайды.

Сырттай дауыс беру арқылы өткізілетін жалпы жиналыстың:

- Қордың жұмыс істеуін тоқтату туралы;
- Басқарушы компанияны ауыстыру туралы;
- Қорды басқа қормен біріктіру туралы;
- Қордың нысанын ашық немесе аралық етіп өзгерту туралы шешім қабылдауға құқығы жоқ.

21. Сырттай дауыс беруді өткізу үшін бірыңғай нысандағы дауыс беруге арналған бюллетеньдер:

а) пай ұстаушыларға және дауыс беру бюллетенінің үлгілік бланкін Қордың пайларын ұстаушыларға жазбаша хабарлама жіберу және/немесе

б) қордың пайларын ұстаушыларға дауыс беру бюллетенінің үлгілік бланкін қоса бере отырып, пай ұстаушыларға электрондық хабарлама және/немесе

в) басқарушы компанияның интернет-ресурсында қордың пайларын ұстаушыларға хабарлама мен дауыс беру бюллетенінің бланкін жариялау арқылы қордың пайларын ұстаушылардың барлығына немесе бір бөлігіне (аралас дауыс беру кезінде) жиналыс өткізілетін күнге дейін 5 жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде жіберіледі.

22. Сырттай / аралас дауыс беру бюллетенінде:

а) Қордың толық атауы және басқарушы компанияның атауы;

б) қордың пайларын ұстаушылардың жалпы жиналысының күн тәртібі;

в) қордың пайларын ұстаушылардың жалпы жиналысын өткізу күні (аралас дауыс беру кезінде) немесе қордың пайларын ұстаушылардың жалпы жиналысының отырысын өткізбей сырттай дауыс беру үшін бюллетеньдер берілетін соңғы күні;

г) дауыс беру жүргізілетін мәселелерді тұжырымдау;

д) күн тәртібіндегі әрбір мәселе бойынша «қолдаймын», «қарсымын», «қалыс қалдым» деген сөздермен берілген дауыс беру нұсқалары;

е) күн тәртібінің әрбір мәселесі бойынша дауыс беру (бюллетеньді толтыру) тәртібін түсіндіру қамтылады.

23. Сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньге пайды ұстаушы – жеке тұлға жеке басын куәландыратын құжат туралы мәліметтерді көрсете отырып не бюллетеньге сенімхаттың көшірмесін қоса бере отырып, сенімхат негізінде өкіл қол қоюға тиіс.

24. Сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньге пайды ұстаушы – заңды тұлғаның өкілі оның негізінде осындай өкіл заңды тұлғаның атынан әрекет ететін құжатты көрсете отырып қол қоюға тиіс (егер мұндай құжат сенімхат болып табылған жағдайда, мұндай сенімхаттың көшірмесі бюллетеньге қоса берілуге тиіс).

25. Дауыстарды санау кезінде пайды ұстаушы дауыс беру тәртібін сақтаған және дауыс берудің ықтимал нұсқаларының біреуі ғана белгіленген дауыс беруге арналған бюллетеньдер бойынша ғана дауыстар ескеріледі. Көрсетілген талапты бұза отырып толтырылған сырттай/аралас дауыс беруге арналған бюллетень тиісті мәселе бойынша дауыс беру бөлігінде жарамсыз деп есептеледі. Пай ұстаушылардың өткен жалпы жиналысының дауыс беру қорытындылары немесе өткен сырттай/аралас дауыс беру нәтижелері хаттамамен ресімделеді.

26. Егер бұрын сырттай дауыс беруге арналған бюллетень жіберген пай ұстаушы дауыс берудің аралас тәртібі пайдаланылатын пай ұстаушылардың жалпы жиналысына қатысу және дауыс беру үшін келген болса, онда оның бюллетені жалпы жиналыстың кворумын айқындау кезінде және дауыстарды санау кезінде есепке алынбайды.

27. Қордың пайларын ұстаушылардың жалпы жиналысының күн тәртібін пай ұстаушылардың жалпы жиналысын шақыруға бастамашы болған адамдар қалыптастырады. Пай ұстаушылардың жалпы жиналысының күн тәртібі Қордың пайларын ұстаушыларға мұндай толықтырулар туралы пай ұстаушылардың жалпы жиналысы өткізілетін күнге дейін күнтізбелік 3 күннен кешіктірілмей хабарланған жағдайда толықтырылуы мүмкін.

28. Пай ұстаушылардың жалпы жиналысының күн тәртібін бекіту пай ұстаушылардың жалпы жиналысында ұсынылған Қордың пайларын ұстаушылардың көпшілік даусымен жүзеге асырылады.

29. Егер пай ұстаушылардың жалпы жиналысында ұсынылған ұстаушылардың көпшілігі оларды енгізуге дауыс берсе, күн тәртібіне өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізілуі мүмкін.

30. Пай ұстаушылардың жалпы жиналысы сырттай/аралас дауыс беру арқылы шешім қабылдаған кезде ұстаушылардың жалпы жиналысының күн тәртібін өзгерту мүмкін емес. Жалпы жиналыстың күн тәртібіне енгізілмеген мәселелерді қарауға және олар бойынша шешімдер қабылдауға құқығы жоқ.

Уәкілетті тұлға:

(тегі, инициалдары)

Электрондық цифрлық қолтаңба:

Бұл құжат ҚР 2003 жылдың 7 қаңтарындағы "Электронды құжат және электронды сандық қол қою" туралы заңның 7 бабы, 1 тармағына сәйкес қағаз бетіндегі заңмен тең.

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года N370-II "Об электронном документе и электронной цифровой подписи" равнозначен документу на бумажном носителе.